

PUBLISHINGS of Kostanay State Pedagogical Institute	 Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАҒЫНЫСЫ	ВЕСТНИК Костанайского государственного педагогического института
--	---	---

2016 ж. шілде, №3 (43)
Журнал 2005 ж. қантардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт

Бас редактор: Қ.М. Баймырзаев,
география ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасары: Е.А. Әбіл,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ, Ресей
Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан
Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ЧелМПУ, Ресей
Рудик Г.А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, PhD д-ы, «Шекарасыз заманауи білім беру» орталығының директоры, Монреаль қ., Канада
Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ
Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция
А. Күзембайұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Брагина Т.М., биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Важев В.В., химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Қуанышбаев С.Б., география ғылымдарының докторы, АМПИ
Сивохин И.П., педагогика ғылымдарының докторы, ҚМПИ
Ахметов Т.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Төлеген М.Ә., (PhD) философия докторы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ

Нөмірдің жауапты редакторы:
Б.Ш. Баймұхамбетова, (PhD) философия докторы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Федоров А.И., педагогика ғылымдарының кандидаты
Орал мемлекеттік дене шынықтыру университеті, Ресей
Утегенова Б.М., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Кудрицкая М.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Смазлий Т.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Қонысбаева Д.Т., биология ғылымдарының кандидаты, доценті, ҚМПИ
Брагин Е.А., биология ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Демисенов Б.Н., физика-математика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Наурызбаева Э.К., тарих ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Әлібек Т.К., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Огиенко Н.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Есіркепова К.К., филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ

Тіркеу туралы куәлік №8786-Ж
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен
19.11.2007 берілген.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Таран к., 118
(редакциялық-баспа бөлімі)
Тел. (7142) 53-34-71

№3 (43), июль 2016 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский государственный педагогический институт*

Главный редактор: *К.М. Баймырзаев*,
доктор географических наук, профессор

Заместитель главного редактора: *Е.А. Абиль*,
доктор исторических наук, профессор

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, МГИМО, Россия
Амирова Б.А., доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан
Елагина В.С., доктор педагогических наук, профессор, ЧелГПУ, Россия
Рудик Г.А., доктор педагогических наук, профессор, д-р PhD, директор Центра Современной педагогики «Обучение без границ», г. Монреаль, Канада
Катицнер Т., доктор PhD, профессор Университета Западной Вирджинии, США
Кайе Ж., доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция
А. Кузембайулы, доктор исторических наук, профессор, КГПИ
Брагина Т.М., доктор биологических наук, профессор, КГПИ
Важев В.В., доктор химических наук, профессор, КГПИ
Куанышбаев С.Б., доктор географических наук, АГПИ
Сивохин И.П., доктор педагогических наук, КГПИ
Ахметов Т.А., кандидат педагогических наук, доцент, КГПИ
Төлеген М.Ә., доктор философии (PhD), кандидат юридических наук, доцент, КГПИ

Ответственный редактор номера:
Б.Ш. Баймухамбетова, доктор философии (PhD)

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Федоров А.И., кандидат педагогических наук, Урал. ГУ физической культуры, Россия
Утегенова Б.М., кандидат педагогических наук, доцент, КГПИ
Кудрицкая М.И., кандидат педагогических наук, КГПИ
Смаглый Т.И., кандидат педагогических наук, КГПИ
Коньсбаева Д.Т., кандидат биологических наук, доцент, КГПИ
Брагин Е.А., кандидат биологических наук, КГПИ
Демисенов Б.Н., кандидат физико-математических наук, КГПИ
Наурызбаева Э.К., кандидат исторических наук, КГПИ
Алибек Т.К., кандидат исторических наук, доцент, КГПИ
Огиенко Н.А., кандидат педагогических наук, КГПИ
Есиркепова К.К., кандидат филологических наук, доцент, КГПИ

Свидетельство о регистрации № 8786-Ж
выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан
19 ноября 2007 года.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:
110000, г. Костанай, ул. Тарана, 118
(редакционно-издательский отдел)
Тел. (7142) 53-34-71

УДК 06.39.02

«EXPO – 2017» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Антаев Ж.Т.,
ҚМПИ аға оқытушысы,
экономика ғылымдарының магистрі
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақала Қазақстан Республикасында 2017 жылы өткізілетін Халықаралық көрмеге арналған. Дәл қазіргі уақытта «EXPO-2017» – ге еліміздің дайындығы қаншалықты деңгейде екені қарастырылған. Еліміздің ертеңі мен болашағы, экономика мен мәдениетіміздің дамуы үшін бұл көрменің маңызы зор. «Болашақ қуаты» атты ұранмен өткізілетін көрме тақырыбы энергия көзінің балама түрлеріне арналады. Бұл Кеңес Одағы құрамындағы мемлекеттер ішінен бірінші болып, осындай ЭКСПО-2017 атты маңызды да беделді іс-шараны өткізу арқылы рейтингке кіріп және ондағы позициямызды жақсартып, үздік әлемдік стандарттарына сай болу. Әрине, басты мақсатымыз тек қана рейтингке кіру ғана емес, сонымен қатар халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің сапасын жақсарту.

Аннотация

В данной статье рассматривается роль ЭКСПО-2017, которая станет одним из ключевых событий в новейшей истории Казахстана, а проведение этого мероприятия внесет огромный вклад в формирование имиджа нашей страны, развитие экономики и культуры. Предстоящая выставка, которая пройдет под лозунгом «Энергия будущего», осветит тему – альтернативные источники энергии. Тему предстоящей выставки олицетворяет логотип «EXPO-2017». Для Казахстана, который первым из всех постсоветских государств будет проводить такое престижное и важное мероприятие, как ЭКСПО-2017, попадание в рейтинги и улучшение позиций в них является очень важным, чтобы соответствовать лучшим мировым стандартам. Несомненно, главной целью является не просто попадание в тот или иной рейтинг, а улучшение качества жизни населения страны.

Abstract

This article examines the role of EXPO-2017 which will be one of the key events in the newest history of Kazakhstan and this event will make a huge contribution in shaping the image of our country, development of economy and culture. The forthcoming exhibition, which will be held under the slogan "future Energy" will highlight the theme of alternative energy sources. The theme of the upcoming exhibition represents the logo of "EXPO 2017". For Kazakhstan, first of all the post-Soviet States will conduct such a prestigious and important event as EXPO-2017, a hit in the rankings and improved positions in them is very important to match the best international standards. Undoubtedly, the main goal is not just getting into a particular rating, and improving the quality of life of the population.

Түйінді сөздер: Халықаралық көрме, «Болашақ қуаты», нысан, инфрақұрылым, корпоратив, бизнес, әлеуметтік ресурс.

Ключевые слова: Международная выставка, «Энергия будущего», объект, инфраструктура, корпоратив, бизнес, социальный ресурс.

Key words: International exhibition, «Future Energy», object, infrastructure, corporate, business, social resource.

1. Кіріспе.

Экспо 2017-2017 жылдың 10 шілдесінен бастап 10 қыркүйегіне дейін Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросымен (ХКБ) ұйымдастырылатын Халықаралық көрме.

Ұйымдастырушылармен таңдалған тақырып *Future Energy* (Болашақ қуаты) болып табылады.

Экспо 2017 иесі 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. ЕХРО – 2017 көрмесін өткізуге Қазақстанның бас қаласы Астана және бельгиялық Льеж қаласы таласқа түсті. Бельгия «Адамдарды біріктіре отырып» деген тақырыпты ұсынған болатын. Ал Астана энергияның балама көзіне және «жасыл» технологияға арналған «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Астана үшін ХКБ-ның 103 мүше-мелмекеті дауыс берген, ал бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинады[1].

2011 жылдың маусым айында Париждегі Халықаралық көрме бюросының (ХКБ) штаб-пәтерінде Қазақстан Республикасы СІМ-нің жауапты хатшысы, ҚР-дағы ЕХРО жобасының ұлттық үйлестірушісі Рәпіл Жошыбаев қазақстандық үкіметтің атынан ХКБ-ның бас хатшысы Висенте Лоссерталеске 2017 жылы Астанада ЕХРО Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге арналған өтінімді ұсынды. 2011 жылдың қарашасында-ақ ХКБ Бас Ассамблеясының 150-ші сессиясында Қазақстан делегациясы ЕХРО - 2017 көрмесін өткізуге Астана таныстырды.

Қазақстанның ЕХРО көрмелеріне қатысуы туралы мәліметтер:

«ЕХРО 2005, Аичи» Жапония

- Келушілердің саны: 370 000 адам

- Қазақстан экспозициясының алаңы: 324 ш.м.

- Тақырыбы: «Табиғат даналығы»«ЕХРО 2008, Сарагоса Испания Корольдігі

Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі безендіру критерийлері бойынша Қола жүлдеге ие болуы;

- Келушілердің саны: 361 500 адам

- Қазақстан экспозициясының алаңы: 590 ш.м.

- Тақырыбы: «Су және тұрақты даму»

«ЕХРО 2010, Шанхай» Қытай Халық Республикасы

- Келушілердің саны: 446 000 адам

- Қазақстан экспозициясының алаңы: 1500 ш.м.

- Тақырыбы: «Астана – Еуразия жүрегі»

Көрме 2017 жылдың жаз маусымында үш ай бойы өткізіледі. Оған 50 млн-ға дейін адамдар қатысады деп күтілуде. Бұған дейін ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің тапсырысымен түсірілген «Astana Expo 2017 «The Great Expectation of Kazakhstan» бейнеролигі жылсайынғы «Cannes Corporate Media & TV Awards» фестивалінде «Корпоративті фильм» санаты бойынша күміс дельфинге ие болған[2].

2. Әдістер мен материалдар.

Мақаладағы материалдар үш кезеңге бөліп қарастырылды.

- Халықаралық көрме туралы;

- Халықаралық көрменің еліміз үшін маңыздылығы;

- Дәл қазіргі уақытта көрмеге дайындық барысы;

Қолданылған әдістер:

- аналитикалық (ғылыми, әдістемелік әдебиеттерді талдау, модельдеу, жіктеу, жүйелеу, жалпылау, т.б.);

- статистикалық (зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеу).

3. Талқылау.

Астанадағы ЕХРО-2017 Орталық Азия аймағы мен ТМД елдерінде өткізілгелі отырған алғашқы халықаралық көрме болмақ. Астанадағы ЕХРО көрмесі 3 айға – 2017 жылғы 10 маусымнан 10 қыркүйекке дейін созылады. Оған әлемнің 100-ге тарта елі және 10-ға жуық халықаралық ұйымдар қатысады деп күтілуде. Көрмеге 5 миллионнан астам адам келеді. Бұл Қазақстанның халықаралық ілгері жылжуы жолындағы үлкен қадам болмақ. ЕХРО-2017-ні өткізу елорданың, сондай-ақ тұтастай алғанда республиканың экономикалық және инфрақұрылымдық дамуын қосымша ынталандыруға қызмет ететін болады.

Елорданының және оның маңындағы аймақтардың шағын және орта бизнесінің дамуы ерекше серпін алады, ең алдымен, халыққа қызмет көрсету, қонақ үй бизнесі және ішкі туризм салаларының ұтары мол. Бұл шара елорданың көрме нысандары мен инфрақұрылымы құрылысына елеулі көлемде жеке инвестициялар тартуға, оларға қызмет көрсетуге ондаған мың жұмыс орындарын құруға, ішкі туризмді дамытуға және елге шетелдік туристер ағынын ұлғайтуға, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік ресурстарын шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Көрмелер нысандары құрылысына инвестициялар тартудан басқа күтілетін экономикалық тиімділік мынада: ЕХРО ауқымында салынатын нысандар болашақта Қазақстанды және оның астанасын ірі халықаралық, көрме және ақпараттық-таныстырылымдық алаң ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Көрме әлемді қазақстандықтардың көпұлтты мәдениетімен, ежелгі тарихымен, өнерімен, дәстүрлерімен, қонақ жайлылығымен таныстырады, әлемдік қоғамдастықтың алдында Қазақстанның туристік тартымдылығын және танымалдығын арттырады.

Ел орданың мәдени дамуының да маңызы зор.ЕХРО өткізу кезінде Астанада әлемнің түпкір-түпкірінен әртүрлі мәдениеттер үні шырқалады. Көрме аумағында күнсайын концерттер, ұлттық күндер және басқа да ойын-сауық шаралары өткізіледі.

Елбасы халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесінің дайындық мәселелері жөнінде кеңес өткізген болатын. Жиын барысында есеп берген «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының төрағасы Ахметжан Есімов басты нысан атауына қатысты 3 бірдей ұсыныс жасады.

«Осындай ұсыныс тастайын деп отырмыз. Шарды «Нұр әлем», «Нұрлы әлем», немесе «Әлем нұры» деп атасак», – деді А.Есімов. «Мен екі атауды ұсынамын. Біріншісі, «Әлем шар». Ал сенің айтып отырғаның «Нұр әлем». Бұл маңызды емес. Бірақ «Әлем шар» десек дұрыс болады. Шар деген аты өзі айтып тұр не екенін. Әлем деген дүние. Жер шарының бәрін ішіне кіргізіп отырмыз. Әрине, энергия деген сөз жоқ ішінде. Ал сен «Нұр әлем» дейсің. Ендітаңдайық», – деді Елбасы.[3].

ЕХРО-2017 ірі коммерциялық емес жоба, ол аймақтың және тұтастай алғанда елдің дамуының қуатты катализаторы болмақ. Құрылысқа, туристік инфрақұрылымға, қонақ үй бизнесіне салынатын инвестициядан түсетін кірісті былай қойғанда, көрменің зияткерлік мұрасы Қазақстанды жаңа деңгейге көтеретін болады. Әсем Астананың одан әрі қарыштап өсуіне және бұрынғыдан да өршіл мақсаттарын жүзеге асыруға жаңа серпін алады.

Ал қазақстандықтар өз күштеріне және өз елінің мүмкіндіктеріне тағы да көз жеткізе алады.

«ЕХРО-2017 көрмелерінде барлық мемлекеттер өздерінің таңдаулы технологиялық, ғылыми және мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады.

Мұндай шараларға барлық құрлықтардан ондаған елдерден миллиондаған адамдар келеді. Астананың бәсекелестік күресте жеңіске жетуі кездейсоқ емес. Біріншіден, бұл біздің астанамызды әлемдік деңгейдегі оқиғаны қабылдауға лайықты орталық деп танығандық. екіншіден, Астананы таңдау біздің мемлекетімізге берілген жоғары баға және оның дамуы бүкілеуразиялық аймақтың дамуы перспективаларын атап көрсетеді. Үшіншіден, жеңіске біз ұсынған – «Болашақтың энергиясы» тақырыбының өзектілігі көмектесті. Ақырында, басты-

сы Астананы таңдау бүкілқазақстандық халықтың күш-жігерінің жемісіне айналды, – деді Мемлекет басшысы. Астанадағы EXPO-2017 көрмесі ҚР елордасының үздік брендтерінің бірі және аса әдемі нысан болады [4].

Мемлекет басшысы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астананы одан әрі дамыту мәселесіне арналған биылғы алқалы жиында елімізде өтетін «EXPO-2017» дүниежүзілік көрмесіне дайындық барысы көңіл көншітпейтінін айтып, әлемдік шараны ұтымды ұйымдастыруға келгенде мойны жар бермей жүрген бірқатар жауапты мемлекеттік шенеуніктердің сылбыр қимылын сынға алды.

Атап айтқанда, нысандарды жобалау жұмыстары басталмай жатып-ақ сәтсіздікке ұшырап, оның айналасында жүргендердің бәрі «бас-басына би болғандығының» салдарынан жұмыстың нәтижесін сұрайтын бір адамның табылмай отырғанына көңілі толмайтынын білдірді. Президенттің бұл сыны атқамінерлердің «ұйқысын» шайдай ашса керек, іле-шала Премьер-министрдің көрме дизайнын жасауға қатысушылармен кездесуі барысында «Астана EXPO-2017» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы – ҚР қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан Қаппаров пен «Астана EXPO-2017» ҰК» АҚ басқарма басшысы Талғат Ермагияев көрмені өткізудің Тұжырымдамасын таныстырып, нақты істерге кірісіп кетті [5].

4. Қорытынды.

Сонымен, Елбасының ойындағы «EXPO-ға» дайындық шаралары қай деңгейде, көрме кезінде елорданың келбеті қандай болуы тиіс? 2050 жылға қарай әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына қосылуды алдына мақсат етіп қойған Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық әлеуетін паш ететін, бүкіл әлем оның елордасына көз тігетін тарихи сәтке бас-аяғы 3-4 жыл қалғанын ескерсек, Мемлекет басшысының «Тездетіндер!» дейтіндей жөні бар. Өйткені, алда миллиондаған келушілерді күтіп алып, олардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасауды айтпағанда, көрме павильондарын салу, елорданың инфрақұрылымын заманға сай жетілдіру сынды қыруар шаруа тұр. Соның бәрін сәтті ұйымдастырған жағдайда ғана әлемдік қауымдастық алдында алаштың абыройы асқақтап, соның есебінен болашақта еліміздің экономикалық қуаты арта түспек. Сондықтан, Нұрсұлтан Назарбаев «EXPO-2017» көрме нысандарын жобалау жұмыстарын таяу уақытта аяқтап, құрылыс жұмыстарын, көрмеге жауапты тұлғалар жоспарлап жүргендей, келер жылдан емес, 2013 жылдың ішінде-ақ бастап кетуді тапсырды. Әрине, бұл – осыған дейін Астанада көрмеге дайындық жұмыстары мүлдем жүргізілмеді деген сөз емес. Іс-шараны ұйымдастырып, өткізу үшін арнайы құрылған «Астана «EXPO-2017» ұлттық компаниясы біраз істі қолға алғанын айтпай кетуге болмас. Бұған дейін не істелгендігі және не істелуі қажеттігі туралы әңгіме қозғап көрелік.

Дәл қазіргі уақытта көрмеге дайындық жүргізетін ведомстволарды тиімді үйлестіру үшін штат жасақталып, жұмыс жоспары әзірленіп жатыр. Іс-шараны ұйымдастыруға ұлттық компаниядан басқа қалалық әкімдік пен «EXPO-ны қолдау қоры» атсалысуда. Көрме қалашығын жобалаумен биыл өткізілетін арнайы тендердің жеңімпазы айналыспақ. Олар қалашықтың сәулеттік келбетін әзірлеуді де өз мойнына алады.

Белгілі болып отырғандай, 2017 жылы Астанада өтетін «EXPO» көрмесі тұрақты емес, маусымдық форматқа лайықталған. Бұған Қытайдың Шаңхай қаласында ұйымдастырылған көрмені мысалға келтірсек, жаңылыспаймыз. Әлем халқына есігін айқара ашқан бұл елге туристердің миллиондап ағылуы алған бағыттың дұрыс екенін аңғартатындай. Қазақстанның елордасы да келушілерді осы үлгіде қабылдауды жөн деп тауып отырғандықтан, мұндағы барлық іс-шаралар уақытша сипат алатыны түсінікті. Демек, мәлім етілген 5 миллион адамды қабылдап үлгеру үшін Астана жаз маусымына бар күшті салғаны лазым. Көрме бюджетінің қомақты болуы, яғни, 1,5 миллиард долларға бағалануы сондықтан болса керек. Рас, бұл әзірге нақты емес, болжам ғана. Ғаламдық шара біздің елге қаншаға түсетіні барлық есептер жүргізілгеннен кейін барып, жылдың соңында белгілі болады.

Астанадағы көрмені өткізуге дайындық шаралары барысында әлемдік тәжірибенің озық үлгілері зерттелген. Әсіресе, келушілер саны жоспарланған межеден асып түскен Лиссабон, Ысу сияқты қалалардың сәтті ұйымдастыру жүйесі басты назарда. Айта кету керек,

мұндағы павильондар, көрме алаңдары әлі күнге шейін қалаға пайда әкеліп отыр. Ал халық елдің өзге өңірлерінде жаңартылған инфрақұрылымдар мен жаңа көлік жолдарының қызығын көруде.

Осы тұрғыдан келгенде, Көкшетау, Алматы және Қарағанды қаласына туристер үшін жол-жөнекей «хаб» рөлін атқару мүмкіндігі берілмек. Соңғы уақытта Көлік және коммуникация министрлігінде жиі айтылып жүрген төрт жолақты «Қарағанды-Астана» жолы көрмеге дейін салынуы мүмкін. Сонымен қатар, «Эйр Астана» әуе компаниясына уақытша салмақ түсетіндіктен, Алматы жалдамалы рейстермен елордаға келетін туристер үшін тағы бір жиын алаңына айналады деп болжануда. Сондай-ақ, Астана әкімдігі таяу жылдары елорданың әуе қақпасы 5 миллион адамды, яғни, күтіліп отырған барлық туристер ағынын қабылдай алады деп ант-су ішіп отыр. Темір жолмен саяхат жасайтын қонақтарды мейлінше көбірек қабылдау үшін елорданың сол жағалауынан жаңа темір жол терминалы салынбақ.

Бурабай курортын да көрменің туристік серіктесі ете отырып, толығымен өзгерту жоспарлануда. Ол үшін су қоймалары тазаланып, өңірде жаңа қонақ үй кешендері мен туристер тоқтайтын қалашықтар салынуы тиіс. Тұтастай алғанда, Ақмола облысында трамплин кешені бар шаңғы базасын, сонымен бірге, бірнеше этноауыл салу таяу уақытта қолға алынатын істердің бірі болмақ. Дәл осы этнографиялық ауылдар елді мекендер экономикасы мен фермерлерге демеу болуы әбден ықтимал. Өйткені, аграрлық туризм көптеген елдердің негізгі табыс көзінің бірі екені белгілі.

Ал елорда шенеуніктері туристерге анағұрлым жайлы жағдай жасау үшін қалада қосымша «Хилтон», «Мэриот», «Ритц-Карлтон», «Фор Сизонс» қонақ үйлері салынады деп сендіруде. Әрине, бұл нысандардың құрылысын үлкен кешендер салуда мол тәжірибесі бар компаниялар жүргізеді. Сонымен қатар, әкімдіктің таратқан ақпараты бойынша, Астананың архитектуралық келбетін салынып бітуге жақын опера және балет театры, Президенттің кітапханасы мен қоры ажарландыра түссе, көп функционалды «Абу-Даби Плаза» кешені елорда қонақтарының көзайымына айналмақ [6].

Елорда аумағынан 97 павильонға лайықталған «EXPO-қалашыққа» шамамен 100 гектар жер бөлінетіні бұған дейін де талай айтылды. Ел басшылығы белгіленген аумақта жермен байланысты қандай да бір айла-шарғы жасауға қатаң тыйым салғандықтан, құрылысқа бөлінетін бюджет қаржысы тиімді пайдаланылады деген сенімдеміз. Қазір бұрын саяжай болған 200-250-ге тарта жер учаскесін тұрғындардан сатып алуға ұсыныс жасалуда. Сонымен қатар, жасыл квартал мен жабық қалашық салу идеясы іс-шараны ұйымдастырушылар тарапынан қолдауға ие болып отыр. Оларды көрме аяқталған соң Астана тұрғындарына тұрғын үй ретінде беру көзделуде. Біздіңше, бұл «бір окпен екі қоянды атып алуға» мүмкіндік берілетін аса пайдалы іс. «EXPO» көрме қалашығына қарай байланыстырушы жолдар тартылатынын да маңызды оқиғалардың бірі ретінде атап өту керек. 17 шақырымдық шағын айналма жолдың құрылысын аяқтап, қаладағы ерекше күрделі орындарды жаңа және қайта жасалған жолдардың көмегімен азайту жоспарлануда. Ең бастысы, 2017 жылы Астанада 42 шақырым жол арқылы қаланы толық айналып шығып, тікелей көрмені байланыстыратын жеңіл рельсті жолдар іске қосылады.

Осы орайда, «Болашақ энергиясы» тақырыбын арқау еткен «EXPO-2017» көрме кешені толығымен жаңартылатын энергия көздерімен қамтамасыз етілетінін айтпай кетуге болмас. Бұған, әрине, Астанада салынып жатқан күн батереялары зауыты мен Ерейментауда салынған жел станциясының көп көмегі тиері сөзсіз. Қалай болғанда да көрме елдегі баламалы энергетиканың анағұрлым қарқынды дамуына оң ықпал етеді. Екінші жағынан, энергия тиімділікті кеңінен насихаттау адамдарға оның артықшылықтары туралы көбірек білуге көмектеседі. Мұнда тиімді технологиялар мен материалдарды қолданып, жаңғырту есебінен болатын Астананың оң жағалауында орналасқан ескі үйлердің энергия аудиті тиімді құралға айналады дейді мамандар. Бұл шынымен де таза, энергия үнемді және өзге өңірлерге үлгі қала болуға Астана үшін зор мүмкіндік береді.

Рас, көрмеге дейін құрылысы аяқталуы тиіс үшінші Жылу электр орталығының (ЖЭО) «жасыл» энергияны дамытуға қандай қатысы болатыны әзірге еш түсініксіз. Өйткені оған да көмір пайдаланылады. Яғни, экологиялық тұрғыдан тиімсіз жобалардың бірі болып қалмақ. ЖЭО-1 мен ЖЭО-2 қаланы көк түтінмен тұмшалап тұрғанын ескерсек, мүмкін, үшінші ЖЭО-ның қажетсіз екені туралы қайта ойлану керек сияқты.

Ұйымдастырушылар көрмеге қатысушыларды межеленген көлемде тарту үшін жаһандық ақпараттық саясатты да мықтап қолға алуы тиіс. Ақпараттық дәуірде ғұмыр кешіп жатқандығымыздан бұны да естен шығармаған жөн. Сондай-ақ, «EXPO-2017» көрмесін маркетингтік дамыту ісіне әлемдік деңгейде күш салсақ, нұр үстіне нұр. Әзірге маркетингтік жұмыстарды роликтер мен көрменің веб-сайтынан ғана байқауға болады. Міне, осы және өзге де «керектер» мен «тиістердің» жолында жауапты мекемелер мен ондағы қызметшілер терін төгіп, жанын салар болса, Алаштың абыройы асқақтаған үстіне асқақтамақ. Дәйім солай болғай [7].

Қорыта келгенде, күннен күнге дамып жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалану үкіметтік деңгейде қолға алынса, біздің дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігімізді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік туар еді. Сонда біз қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғап қана қоймай, көптеген жұмыс орнын құрып, сатып алу қабілеттілігін арттыра аламыз. Сондықтан да біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін EXPO-2017 көрмесін өткізудің маңызы өте зор. Әрбір қазақстандық біздің жеңіске жететінімізге сенеді және Көрмелердің халықаралық бюросы делегаттары оң жауап береді деген үмітте. Өйткені біз үшін жеңіс маңызды.

Әдебиет тізімі

- 1 Егемен Қазақстан №73(28012) 2013ж.
- 2 Егемен Қазақстан №69 (28008) 2013ж.
- 3 Қостанай таңы газеті № 6 2015ж.
- 4 Ақжол №11 (17699) 2013ж.
- 5 Ақжол №8 (17696) 2013ж.
- 6 Қазақ үні журналы №85 2013ж. 29 қараша.
- 7 Ақиқат №1 2013ж.

I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫ ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Бекбосынова А.,
*филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
доценті, ҚМПИ, Қостанай*
Міркемел А.,
3 курс студенті, ҚМПИ, Қостанай

Аннотация

Гендерлік теңеулер – тіл біліміндегі жаңа құбылыс. Ғылыми мақалада жазушы І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы гендерлік теңеулердің қолданысы қарастырылды. Мақала шығармадағы гендерлік теңеулердің мағынасын, стильдік қызметін анықтауға арналған.

Аннотация

Гендерные сравнения - это новый феномен в лингвистике. В научной статье рассматриваются гендерные сравнения в романе «Алмас қылыш» написанном Илиясом Есенберлином. В статье также рассматриваются значения и стилистические особенности гендерных сравнений в данном романе.

Abstract

Gender comparison - this is a new phenomenon in linguistics. The article discusses the gender comparisons in the roman "Almas kylysh" written by Illiyas Esenberlyn. It also discusses the meanings and stylistic features of gender comparison used in the roman.

Түйінді сөздер: теңеу категориясы, гендер, әйел образы, ер адам образы, антонимдік теңеу.

Ключевые слова: категория сравнение, гендер, образ женщины, образ мужчины, антонимные сравнения.

Key words: category comparison, gender, the novel, the image of women, the image of men, antonymnyye comparison.

1. Кіріспе.

«Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендесі. Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі» [1,382].

2. Материалдар мен әдістер.

Теңеулердің ішіндегі ең бір елеулісі – ер мен әйел образына байланысты туындаған теңеулер. Ғылыми тілмен айтқанда, гендерлік теңеулер.

Гендерлік теңеулер жайлы Э.Ә.Өтебаева өзінің зерттеу еңбегінде біршама айтып өтеді. Ғалымның зерттеуінше, қазақ тіл білімінде гендерлік лингвистика жаңадан қалыптасып келе жатқан тіл ғылымының бір саласы ретінде қарастырылып келеді. Қазіргі таңда әйел мен ердің алатын орны туралы түсініктер мен құндылықтар, соған байланысты стереотиптер мен әлеуметтік үрдістер өзекті мәселе болып табылады [2, 18].

Ал ғылыми тілде *гендер* – әлеуметтік мәдени категория ретінде қарастырылып жүргені белгілі. Тіл білімінде гендерлік лингвистика саласын зерттеушілер ретінде Б.Хасанұлын, Г.Мамаеваны, Г.Шоқымды және т.б. атап көрсеткен.

Г.Мамаева қазақ тіліндегі ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерді зерттеу жұмысына арқау етсе, гендерлік стереотиптерді зерттеп жүрген Г.Шоқым ер мен әйел образын көркемдеген теңеулерді іріктеп, жүйелеп, олардың гендерлік мәнін ашып көрсетеді. Адамның жыныс ерекшелігін бейнелейтін қазақ теңеулері ұлттың тарихын, дүниетанымын, психологиясын, рухани-мәдени өмірін өз бойына сіңірген маңызды лингвомәдени бірліктер болып табылады. Мәселен, қазақ халқында жас ерекшелігі мен тұрмыстық беделіне қарай, **әйел** адамды: *қыз, бойжеткен, бикеш, келіншек, қатын, ана, шеше, апа, бәйбіше, тоқал, әже, кемпір, өгей ана, ене* т.б. десе, **ер** адамды: *жігіт, бойдақ, еркек, аға, әке, ата, шал, қарасақал, ақсақал* т.б. лингвомәдени бірліктермен сипатталатынын атап өтеді [2, 18].

Н.С.Алдашованың пайымдауынша, тіліміздегі гендерлік теңеулердің басым көпшілігі әйел бейнесін сұлулық ұғымымен, ер адам бейнесін үлкендік, ірілік ұғымымен байланыстыра сипаттап дараландырған. Теңеулерге образ болып қолданылып, әйел, ер бейнелерінен ассоциацияланатын халық ұғымындағы бейнелілік негізі – табиғат құбылыстары, төрт-түлік, аңдар мен құстар, өсімдіктер, аспан шырақтары, шаруашылық, тұрмыс, кәсіпке байланысты атаулар т.б. болса, осылардың әрқайсысы жыныс өкілдерінің гендерлік болмысын ажыратып суреттеуде өз ішінен іріктеліп келіп, сан түрлі стильдік реңк алған... Гендерлік ерекшеліктерді айқындауда теңеулер ерлер мен әйел затының образын ашуға нақты көмектеседі. Әйел образына байланысты гендерлік теңеулер туралы ғалым: «Әйел образының көркемдік әлемнің қыртыс-қабаттары, ағыс-толқындары, құпия астары мейлінше мол. Әйел сұлулығының құбылған сан-салалы сыры қазақ ұғымындағы ең қасиетті нәрселерге теңеледі, ең «сүйкімді» нәрселермен салыстырылады. Көріктеу амалдарының ішінде теңеулер әйелдің сұлулығын бейнелейтін актив тәсіл болып табылады. Сұлулық, әсіресе, әйел сұлулығын суреттеуден қазақ халқының дүниетанымын, оның өмірге көзқарасын анықтауға болады. Әйелдің сұлулығы дүниедегі ең қасиетті, қадірлі, сүйкімді заттар мен құбылыстарға теңестіріледі [3,63].

3. Талқылау.

Жазушы Илияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында гендерлік теңеулер ұтымды әрі өз нақышында қолданылған. Оның ішінде – әйел адамға байланысты теңеулер. І.Есенберлиннің «Жанталас» романындағы әйел образына байланысты гендерлік теңеулердің қолданысы әйелдің бойындағы **нәзіктікті, пәктікті, сұлулықты, әдемілікті, тазалықты** суреттеуге бағытталған. Оған мына мысалдар дәлел бола алады:

1. Әбілқайырдың Маңғыт руынан алған бәйбішесінен туған он жеті жасар, **аппақ жұмыртқадай**, жастық желікті ерте бастаған жеңіл мінезді, ерке қызы **Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегімнің** сұлу жүзді, арыс тұлғалы Жәнібекке көңілі кеткен («Алмас қылыш», 15).

2. Сүрме қасты, **аққудай аппақ**, отыз беске, келіп қалса да, әлі де шаңқай түстей жарқыраған сұлу **Рабиу-Сұлтан-Бегім**(«Алмас қылыш», 15).

3. Және **денесі аппақ қардай**, қарақат көз сұлу **бәйбішесінің** жанында әдеттегісінен анағұрлым ұзақ жатқан («Алмас қылыш», 127).

Қазақ халқының санасында ақ түс ерекше орынға ие. Ол – пәктік пен тазалықтың, нәзіктіктің символы. Тіліміздегі әйелге арналған тұрақты теңеулердің көпшілігі де осы ақ түсті заттармен теңестіріледі. Жоғарыда берліген мысалдардағы **жұмыртқа, аққу, қар** секілді теңеулік образдар айтылған ойды нақтылай түскен.

«**Аппақ жұмыртқадай**», «**аққудай аппақ**», «**денесі аппақ қардай**» гендерлік теңеулер шығармаға экрессивтік мән үстемелейді. Қыз тәнінің сұлулығы мен тазалығын бейнелеу мақсатында қолданған. Теңеулік образ ретінде алынған – **жұмыртқа, қар, аққу** сөздері қыз денесінің аппақ екендігін терең түсінуге қызмет етіп тұр. «**Аппақ жұмыртқадай**», «**аққудай аппақ**», «**денесі аппақ қардай**» гендерлік теңеулері әйел портретінің сұлу да ажарлы **дидар жүзін** айқындау үшін қолданылып тұр.

Суреткер танымында **періште** тазалық, нәзіктік ұғымдарымен ассоциацияланады. Қаламгер туындыда әйелдің бойындағы тек қызға ғана тән пәктікті, сүйкімділікті, тән, жан тазалығын суреттеп, оқырманның сезіміне әсер ету мақсатында төмендегідей дәстүрлі теңеулерді қолданған:

1. «Адамзаттан емес, **көктегі періштеден туғандай, гүлін жарған қызғалдақтай-жадыраған сұлу** және Шығыстың әйелге деген қыспағына қарамай әкесі Ұлықбек жеті жасынан медресеге беріп, парсы, түрік, араб тілін үйреттірген («Алмас қылыш», 118).

2. Сол бір шатты сәтте әлі де он жеті жасар уылжыған қызға бергісіз осы бір **періштедей сүйкімді әйелін** Бақты-Қожа уәзірге өлтір деп тапсырғаны ойынан шығып кеткен («Алмас қылыш», 127).

3. Әбілқайырдың оң иығында отырған **Жәбірайыл періштедей**, бұрыс жолда әрдайым сақтап қалатын. («Алмас қылыш», 119).

4. Мұндай күнәға қасиетті ата-анасынан алған үлгі-ілім, тәрбиесі де, өзінің **мөлдір бұлақтай кірсіз таза жан сезімі** де оны еш уақытта да жуытпас болар («Алмас қылыш», 85).

Жәбірейіл періште сөзі әйел адамның әр кезде көмекке келіп, бұрыс жолдан сақтап, дұрыс жолға салып, Алланың ақ жолына салатын мінезін терең түсінуге қызмет етіп тұр.

Діни наным сенімдерге сенер болсақ, періште – Алланың әмірін жеткізіп тұратын құлы. Жазушы «**періштедей сүйкімді**», «**көктегі періштеден туғандай**», «**мөлдір бұлақтай кірсіз таза**» гендерлік теңеулерін әйел бойындағы пәктікті, нәзіктілікті, жұмсақтықты, жадыраңқылықты көрсету мақсатында пайдаланған. Бұл теңеулер әйел портретінің мінезін айқындай түскен.

Халқымыздың ежелден бастап-ақ қастерлеп, ерекше бір сырдың иесі деп білген табиғат байлықтарының бірі – өсімдік. Адам табиғат пен өсімдік арасындағы байланыс адамның табиғатына да өз әсерін тигізбей қоймайтынын ертеде-ақ түсінген. Әсіресе, өсімдіктің бейнесі әйел затының жан сұлулығы мен тән сұлулығына, сыртқы келбетіне тенеледі. **Сарғалдақ, қызғалдақ, раушан гүлі** секілді өсімдік атаулары – әйел бойындағы сұлулық пен ажарлылықты бейнелеудегі ең пәрменді теңеу образдары. Қаламгер І.Есенберлин де әйел затының

бойындағы көркемдікті, сөз жеткісіз әдемілікті *сарғалдақ, қызғалдақ* секілді теңеу образдары арқылы ассоциациялаған.

1. Алыстан-ақ бұл **әйел қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай**, көзді тартады («Алмас қылыш», 19).

2. «Адамзаттан емес, көктегі періштеден туғандай, **гүлін жарған қызғалдақтай-жадыраған сұлу** және Шығыстың әйелге деген қыспағына қарамай әкесі Ұлықбек жеті жасынан медресеге беріп, парсы, түрік, араб тілін үйреттірген («Алмас қылыш», 118).

Сарғалдақ, қызғалдақ – қазақ халықының танымында сұлулықтың символы. «*Қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай*», «*гүлін жарған қызғалдақтай*» теңеулері қыздың сұлулығын, әдемілігін бейнелеу мақсатында қолданылып тұр. Теңеулер әйел портретінің сұлу да ажарлы *дидар жүзін* айқындау үшін орынды қолданылған. Бұл теңеулерді қолдану арқылы суреткер романды эстетикалық жағынан байыта түскен.

Қыз көркемдігін нақтылай, дәлелдей түсетін оның ұзын кірпіктері, қиылған қасы, қарақат көздері. Осы үш белгіге қарап, қазақ халқы қыздың сұлулығын бірден байқап, тәнті болған. Жазушы өзінің «Алмас қылыш» романында «әлемдегі ең сұлу жаратылыстың» бойындағы әсемдікті көрсету үшін қарақат көзіне, ұзын кірпіктеріне ерекше мән берген.

1. **Сүрме қасты**, аққудай аппақ, отыз беске, келіп қалса да, әлі де шаңқай түстей жарқыраған сұлу Рабиу-Сұлтан-Бегім:

- Үш күрең бәйгеден келсе бірге келеді, қалса бірге қалады, – деген, **қарақаттай мөлдіреген үлкен бота көздерін найзадай ұзын кірпіктерінің** астынан хан тағындағы еріне жаудырата қадай, – тізбектеліп ұшқан қоңыр қаздай үшеуінің қатар келгені жарасымды («Алмас қылыш», 84).

2. **Аққұба** бетін күн сәулесіне шомылдырған, үлкен жаудыраған **бота көздері қарақаттай қап-қара**, оймақ ауыз, бүлдіршін еріндері тек ләззатқа ғана жаралғандай сүйкімді, қор қызынан кем емес бір сұлу... («Алмас қылыш», 111).

Жазушы «*қарақаттай мөлдіреген үлкен бота көздер*», «*найзадай ұзын кірпіктер*» деген гендерлік теңеулерді әйел адамның сұлулығын көрсету мақсатында жұмсаған. Теңеулік образ ретінде алынған *найза* сөзі кірпіктің ұзын екенін, яғни әйелдің көрікті екенін терең түсінуге қызмет етіп тұр. «*Қарақаттай мөлдіреген үлкен бота көздер*», «*найзадай ұзын кірпіктер*» деген гендерлік теңеулер әйел портретінің қасы, көзі, кірпігінің ажарлылығын сипаттай түскен. «*Найзадай ұзын кірпіктер*» деген гендерлік теңеуі – гиперболалық теңеу. Яғни, ұлғайтыла суреттеліп, контекске экспрессивтік реңк үстемелеген.

Ұлтымыздың болмысында, аққу – әсемдіктің символы. Сол себепті, сұлулық ұғымын иеленушілерді осы аққуға теңеу тегін емес екені сөзсіз.

1. Әлі де **аққудың көгілдіріндей сұлу Аққозының** бір аптаның ішінде табытқа айналғанын көріп Жаған солқылдай жылап, апасын құшақтап ағыл-тегіл болған («Алмас қылыш», 233).

Теңеулік образ ретінде алынған *аққудың көгілдірі* сөзі сұлулық мағынасын терең түсінуге қызмет етіп тұр. Теңеу әйел адамзатының *ажарлылығын, шырайлылығын, келбеттілігін, көріктілігін* бейнелеу мақсатында қолданылған.

Автордың романда әйел адамзатының сұлулығын, тазалығын, нәзіктігін көрсету мақсатында қолданған теңеулері романның тілін барынша әсерлі еткен. Адам бойына ерекше қуат беріп, оны эстетикалық жағынан әсер етуде гендерлік теңеулер ұтымды пайдаланылған.

Сонымен қатар, әйел адам образынан басқа, ер адам образына да қатысты гендерлік теңеулер тілімізде өзінің жүйелі орнын тапқан. **Ер адам образына байланысты гендерлік теңеулер** жігіттікке тән алғырлықты, батырлықты, өжеттілікті ерекшелейді. Ер адамның бойындағы батылдық, ерлік қасиеттері көбінесе не жануарлар дүниесімен, не табиғат құбылыстарымен айқындала түседі. Жігіттің қайраты, жігері, мықтылығы «*аламтаудай айбат*», «*қасқырдың бөлтірігіндей*», «*қорғасындай салмақты*», «*семсердей өткір*» деген сияқты теңеулер арқылы күшейе түседі.

Ғалым Н.С.Алдашованың зерттеуінше, ер адамның гендерлік портреті:

- *дене тұлғасы*: оқтай түзі, екі иіні қақпақтай, кеудесі есіктей кең;
- *сақал-мұрты*: сақалы күректей, айғырдың қылындай сақалы;
- *мінезі*: ердің көңілі күнмен тең, мінезі қорғасындай салмақты деп сипатталады [3,

64].

Қаламгер туындысында **қасқыр, бұқа, көкжал** секілді жануарларды теңеу образдары ретінде алып, ер адамның айбаттығын, ержүректігін, қайсарлығын арттыра түскен. **Бұқаның өз жауына деген өшпенділігі, қасқырдың өжеттілігі мен жауыздығы, өшіккен бөрінің есесін бермеуі**, осының барлығы да – суреткердің «Алмас қылыш» романында орын алып, сол жануарлар әлемі, олардың мінездері мен әрекеттері ер адам бойындағы мінез бен әрекеттерге ассоциацияланады.

1. Күйік пен Бату алыстан айбат көрсетіп, аяқтарымен жер қопарып **сүзісуге келе жатқан екі бұқа тәрізді** («Алмас қылыш», 9).

Екі бұқаны жарыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қойса, олардың бір-біріне қарсы ұмтылып, сүзісіп, бірі жеңіске жетпей тынбайтыны анық. Жазушы Күйік пен Батудың бір-біріне деген өшпенділігін білдіру үшін және олардың бір-бірін аш қасқырдай талауға әзір екенін білдіру мақсатында **«сүзісуге келе жатқан екі бұқа тәрізді»** деген теңеуді қолданып отыр.

2. Бұрынды-соңды жұрт көзіне түспеген жас жігіттің, **қанжардай қос азу тісін** жалақтатып, қылшық жалын тікірейтіп, **тайшадай қара доңыз** қарсы ұмтылғанда, үзеңгісіне шірене тұрып сауыт бұзар жебесін қақ мандайдан қарыс сүйем кіргізіп, омақата құлатып, атаққа ілінетіні де, тағы сол саят базарында («Алмас қылыш», 17).

Қанжардың «қос жүзді үлкен пышақ» екенін ескерсек, **«қанжардай қос азу тістің»** қаншалықты үшкір екенін аңғаруға болады. Жас жігіттің қос азу тісін қанжарға теңей отыра, қаламгер оның жауына деген мықтылығын білдірмек болған.

Қасқырдың айбатты, ержүрек, қайсарлығын білдіретіндік бірліктер тілімізде баршылық. Солардың бірі – теңеулер. Нақтырақ айтқанда, гендерлік теңеулер. Қасқыр – жыртқыш аң. Оның бойынан айбаттық та, ержүректілікте табылады. Қазақ халқы кірпігінен қырау тамған жігіттерді көкжал қасқырға теңеп, оларға рух берген. Бөрінің батылдығы да ер адам бойындағы қасиетпен ассоциацияланады.

3. Жәнібек пен Керейдің құр өздері ғана емес, арттарында әрқайсысы бір түменге қолбасшы бола алар **қасқырдың бөлтірігіндей сегізден ұлдары** тұр («Алмас қылыш», 12).

4. Бұлар бір-бірін жан алқымнан ала түсер көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес («Алмас қылыш», 15)

Бөрі өшіккен жауына ешқашан есесін жібермеген. Сол себепті болар жазушы І.Есенберлин ер адамның айбатты өткірлігі мен батырлығын, ержүректігін көрсету мақсатында **«қасқыр», «тазы», «бөрі»** теңеулік образдарын қолданған, сол арқылы жігіттің мықтылығын айқындай түскен.

«Қасқырдың бөлтірігіндей сегізден ұлдары» гендерлік теңеуі – дәстүрлі теңеу.

Тіліміздегі шығармаларға назар аударсақ, **теңдес** сөзімен қатар келетін теңеулер өте сирек кездеседі. Сол себепті **«көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес»** гендерлік теңеуі – романды айшықтай түскен теңеу.

5.Қазір Әбілқайыр қиын халде, - деп болжайды ол, - Ордасының да айбары бұрынғыдай емес, жан-жағы түгел **аш қасқырдай талауға әзір жаулары** («Алмас қылыш», 28 бет).

Қасқыр тотемінің екі аты болған, біріншісі – көк бөрі, тарихи дәстүр бойынша құрметтеу, яғни тотемдік тұрғыдан қарау, екіншісі – малдың жауы, жыртқыш аң ретінде көру. Бұл жерде қаламгер қамшысынан қаны сорғалаған жауларын сол жыртқыш құстың әрекетіне, соның мінезіне балап, **«аш қасқырдай талауға әзір жаулары»** теңеулерін шебер пайдаланып отыр.

6. Азғантай мүлт кетсең, **оқыралаған өгіздей** мөңки тулап, жұртты бөліп әкеткелі тұр («Алмас қылыш», 37 бет). ОҚЫРА – сиыр малының терісінің астында өсіп жетілетін өте

зиянды сәйгел құрт, оқалақ [4, 632]. Ол құрт шыққанда өгіз ашуланып, дірілдеп, мөңкиді. Теңеу образы ретінде алынған – *өгіз* сөзі кейіпкердің ойран-топыр болып, қатты ашуланғанын суреттеп тұр.

Суреткен шығармада заттарды теңеу образы ретінде алып, олардың бойындағы қасиеттерді ер адам мінезіне балай келе, жансыз заттарды жандандыра түскен.

1. Ал **Махмед-Қожа баласы, жабылмаған ұстара тәрізді** еді, абайламасаң қолыңды алып түсуі оп-оңай («Алмас қылыш», 36).

Ұстара шаш алу үшін қолданылатын үшкір жүзді пышақ екені белгілі. Егер де ұстара жабылмаған болса, ол байқамай кесіп кетуі мүмкін немесе әртүрлі жағдайларға алып келуі мүмкін. Алдағы болар оқиға анық емес, белгісіз. Бірақ қауіп әкелері хақ. Жазушы ұстараның осы қасиетін жігіттің бойындағы қасиетпен теңеп отыр. Жігіт (яғни Махмед – Қожа баласы) тек қауіп әкеледі, оның қашан қай кезде өз айласын жүзеге асыратыны белгісіз. Осы мінезді көрсету мақсатында суреткер *«жабылмаған ұстара тәрізді»* теңеуін қолданып отыр.

2. **Қазтуған тапал, тоқты жілігінің қорғасын құйған асығындай шымыр адам** («Алмас қылыш», 48).

Гендерлік теңеудің образы ретінде алынған *асық* сөзі – этномәдени атауға ие болған зат атауы. Тоқты жілігінің асығына қорғасын құйған кезінде ол сақаға айналады. Ал сақаның өзге асықтардан ерекшелігі – асық ойнаған кезінде ауыр болғандықтан, онымен жеңіске жету оңайырақ, тиімдірек. Сол секілді жазушы барлық адамдарды асыққа теңей келе, Қазтуғанның өзгешелігін, ерекшелігін, мықтылығын көрсету мақсатында сақаға балап, *«тоқты жілігінің қорғасын құйған асығындай»* деген теңеуді пайдаланып отыр.

4. Қорытынды.

Автор гендерлік теңеулерді қолдану арқылы шығарманың тілін айшықтай түскен. Әйел образына байланысты гендерлік теңеулер әйел бойындағы нәзіктік пен сұлулықты, әдемілікті, көркемдікті, әсемдікті, пәктікті, тазалықты бейнелеу мақсатында қолданылып, «аққу», «сарғалдақ», «періште» секілді теңеу образдары арқылы айқындала түсіп, әйел адамның сыртқы және ішкі сұлулығын нақтылай түскен. Ер адам образына байланысты гендерлік теңеулер ердің бойындағы батырлықты, батылдықты, айбаттықты, өжеттікті бейнелеу мақсатында қолданып, «өгіз», «қасқыр», «бөрі», «бұқа», «асық» деген теңеулік образдар арқылы туынды тілін әсерлі ете түскен. І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында гендерлік теңеулердің молынан қамтылуы, дәстүрлі теңеулермен қатар, автор тіліне ғана тән теңеулердің туындыда орын алуы – оның қайталанбас жазушы екенінің бірден-бір дәлелі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 480 б.
- 2 Өтебаева Э.Ә. Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты, филол. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 2010. – 28 б.
- 3 Алдашова Н.С. Ер мен әйел образына қатысты гендерлік теңеулер // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы, 2012. – №1 (135). – 63–65 б.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дацк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 5 Илияс Есенберлин. Көшпенділер. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2014. – 896 б.

XIX ҒАСЫР ПОЭЗИЯ ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Бекмаханбет И.С., Елен А.Н.,
Қазақ және орыс филологиясы
факультетінің, «Қазақ тілі мен
әдебиеті» мамандығының
3 курс студенттері, ҚМПИ
Сейсембай Г.А.,
аға оқытушы, ҚМПИ

Аннотация

Ұсынылып отырған мақала XIX ғасыр қазақ ақындары шығармаларында кездесетін қазіргі таңда мағынасы күңгірттенген түсініксіз деп танылатын сөздердің мағынасын ашуға арналған. Ақындар шығармашылығында түрлі тарихи оқиғаларға байланысты мағынасы күңгірттенген сөздер жиі кездескен. Зерттеу жұмыстары арқылы ақындар шығармаларындағы осындай мағынасы түсініксіз сөздердің мағынасы ашылып, шығу тәркісіне қарай топтарға бөлінді. Нәтижесінде ақындар шығармашылығына тән ерекшеліктер мен олардың сөз қолданыстары анықталды. XIX ғасыр ақындары тіліндегі мағынасы түсініксіз сөздер толықтай жинақталып, сөздік құрастырылды.

Аннотация

Предлагаемая статья о произведениях казахских поэтов XIX века, в которых в настоящее время слова признаваемые тусклыми, непонятными значениями расшифрованные и открытые по смыслу. В произведениях поэтов чаще всего встречаются слова связанные с различными историческими событиями. По исследовательской работе в произведениях поэтов были открыты значения слов и их происхождения были разделены по группам. В результате были определены особенности их словоупотребления и личные особенности поэтов. Слова в произведениях казахских поэтов XIX века с непонятными значениями полностью собрались и из этих слов был составлен словарь.

Abstract

The preposed article on the works of Kazakh poets the 19-th century which is now meaning of words recognized as the dim unclear. Values described and opened. In the works of poets the most common words associated with different historical events. For research in the works was open meaning of words and their origin were divided into groups. As a result indentified peculiarities of their use of the word and personal features of poets. All unclear words on the works of Kazakh poets 19-th century were collected and of these words was complited dictionary.

Түйінді сөздер: XIX ғасыр ақындары, түсініксіз сөздер, тарихи сөздер, актив сөздер, лексикалық қор, сөздік.

Ключевые слова: поэты XIX века, непонятные слова, исторические слова, активные слова, лексический запас, словарь.

Key words: poets of the 19th century, unknown words, historical words, active words, vocabulary, dictionary.

Кіріспе.

XIX ғасыр қазақ әдебиеті ақындарының шығармашылығы әдебиет айдынынан алатын орны зор. Олардың шығармалары әлеуметшілдік сарынды көбейткен тарихи оқиғалардың бірі Ресей империясына бодан болумен тікелей байланысты. Сол себепті ел ішіндегі өзгеріс-

тер, қанаудың күшейуі халықтың тіршілік ету аясының тарылуы, ұлттық намыстың тапталуы XIX ғасыр қазақ ақындары шығармаларында кеңінен бейнеленді. Шығармалары әлеумет халін ұғып, ел қамын жақтауға кірісіп өлең бұрынғыша, қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастады, елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдердің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрауға кірісті, бұл уақытқа дейін болмаған әлеуметшілік сарыны азаматтық сарыны бой көрсетті.

XX ғасырдың I жартысындағы қазақтың төл әдеби тілінің лексикалық құрамының негізі -алдыңғы дәуірлерден сұрыпталып, нормаланып келген сөз байлығы болды. Оның басымы -қазақтың өз сөздері, екінші қабаты- араб-парсылық кірме сөздері. Сондықтан бұл кезеңде өздері білдіретін зат, ұғымдардың өмірден бірте-бірте қалып бара жатқанына қарай және сөз мағынасының ішкі семантикалық қозғалысына орай кейбір сөз топтарына немесе жеке элементтерінің тіл тәжірибесінен ығыса бастаған және керісінше қазақ даласына XIX ғасырда келе бастаған жаңа әлеуметтік, экономикалық құбылыстарға байланысты көптеген соны сөздер пайда бола бастады. Сол сөздер қазіргі таңда күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтындықтан көпшілікке түсініксіз болуы әбден мүмкін. Соның ішінде XIX ғасыр қазақ әдебиеті ақындар шығармалары мектеп бағдарламасында оқылатындықтан шығармаларында кездесетін түсініксіз сөздер оқушыларға көп қиындық тудырады [Р.Сыздықова «XVIII-XIX ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы». Алматы 1984 ж. 118-бет].

Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ауызша әдеби тілінде де араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер қай кезеңде едәуір орын алып келді. Оған Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтардың ислам дініне енуі, там-тұмдап болса мұсылманша оқу-ағартудың орын алуы, орта ғасырлық түркі әдебиетінің қазақ қауымына да таныс болуы сияқты факторлар себеп болды.

Біз әңгіме етіп отырған кезеңдегі қазақтың көркем әдебиеті тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөлшерде кездеседі. Олардың бір тобын бұрынғысынша, абстракт ұғымдарды білдіретін, халық тіліне сіңген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар мен ритуал атаулары және атаулары және дін иелерінің аттары құрайды. Одан қалды, бұл қатарда мәдени-рухани дүниеге қатысы бар сөздер тұрады.

Нені айтса да ойланып, толғанып барып сөйлейтін Зейнолла бұл жолы да ұлыларымыз жайлы пікірлер айта біліпті. Мақалаға Н.Погодиннің “Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай” дегенін эпиграфқа ала отырып, осы пікірді одан әрі шебер жалғастырып алып кетеді. “Орыс жазушысының осы тенеуінде үлкен шындық бар: Абай қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы шыңы болса, Әуезов –ХХ ғасырдағы заңғар биігі” [З.Қабдолов. Көзқарас, А.,1996, 10-бет] – деген негізгі пікірін бірден жайып салды. Жалпы, З.Қабдоловтың жазу стилінде жалпыдан жекеге қарай, не болмаса, негізгі ой-түйінін тарамдатып әкетіп, сол ойын дәлелдеу – жиі кездесетін тәсілдің бірі. “Абай және Әуезов те осы айшықты ойды айшықтай түсуге құрылған.

“Бұл аз” дейді автор, өйткені, “Абайды бір ғасырға, Әуезовті бір ғасырға ғана теліп, сол, ғасырға ғана шегелеп қалдыруға болмайды. Абай барлық ғасырларда – Абай, Әуезов те солай. Өйткені, Абай өзіне дейінгі күллі қазақ поэзиясының асқар асуы болса, Әуезов – қазақ прозасының асу бермес асқары” [З.Қабдолов. Көзқарас, А.,1996, 11-бет]. Бір ойдан екінші ойды дамыта түсіп, мақала тақырыбының неліктен осылайша қойылғанын, өйткені, “Әуезов-екінші Абай” болғандықтан деп, түсінік бере кетеді. Автордың ойынша, “иісі қазақтың төлқұжатына айналған Абай ақын болса, Әуезов жазушы... Бұлар тіпті қазақ деген атаудың баламасына айналып кеткен”.

З.Қабдолов Абай қандай қасиеттерімен ұлы деген сауалға оның ұлт ақыны болғандығында деп жауап береді. Ал “Ұлт ақыны болу сол ұлттың сөзі ғана емес, өзіне айналу... Абайдың кереметтігі де сондай: қазақтың сөзіне, сөзі арқылы өзіне айналуында... Әр қазақ Абайдың әр сөзінен өзін көреді... Абайдың ұлт ақындығы екені сол өз өлеңдеріндегі ұлттық ерекшеліктердің бүкіл адамзат мәдениетіндегі биікке көтеріліп, бірлікте ұласуында жатыр.” [З.Қабдолов. Көзқарас, А.,1996, 11-бет]. Абайдың мұндай биікке көтерілуін оның өлеңдеріндегі мазмұндық және пішіндік жаңалықтарынан көреді. Абай “қазақтың қара өлеңінің “күпісін”, “шекпенге” ауыстырумен шектелмеген: оған шапан да жапқан. Қамзол да, керек десе-

ніз, тіпті фрак та кигізген...Сөйтіп, қазақ өлеңінің пішінін тотының түгіндей құлпыртқан да сол арқылы қазақы мазмұнын бүкіл адамзаттық кеңістікке шығарған” [З.Қабдолов. Көзқарас, А.,1996, 13-бет].

Абай қазақтың өзіне дейінгі сөз өнерін су жаңа соны арнаға салып, өз кезіндегі өнер атаулының тың биігі сыншыл реализм шоқтығына өрлетіп әкеткен болса, М.Әуезов социалистік реализм әдебиетінің жуық арада асу бермес асқар шыңы болып қалып отыр. Абай қазақ поэзиясының қадым заманнан бері қалыптасқан көне дәстүріне өзінің көл-көсір жаңалығын қосқан новатор-ақын, қазақ өлеңін тотының түгіндей құлпыртып, мазмұн мен пішіннің бұрын-соңды ешкім көріп білмеген көркем келбетіне көшірген ұлы реформатор-ақын болса, М.Әуезов қазақ топырағында бұрын-соңды болмаған жаңа жанрлар туғызып дамытқан және сол жанрларда сөз өнерініңбұрын-соңды болмаған ғаламат үлгілерін сомдап соққан саңлақ суреткер... Қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовтей тілге бай зергер жазушы бұрын-соңды болған емес десек, бұл қасиеттің түп-төркіні дәл осы шындықта жатыр” [З.Қабдолов. Арна, 1988, 44-45 беттер]Автор сізді қолыңыздан жетелеп, бір кездерде Мұхтар туылып өскен, “Абай жолы” романдарының оқиғалары өткен өлке Шыңғыстауға алып кетеді.

“Сіз кенет әз-ағаның туған топырағын аңсап, Семей астыңыз да, Қарауылдан бірақ шықтыңыз дейік. О, ғажап, төңірегіңіз түгел сыбыр қаға сыр шертіп, ағыл-тегіл ән салып қоя береді. Кәрі Шыңғыстың қара тастарына дейін тіл бітіп, сөйлеп кетеді. Мұхтар бетін жуған қасқат бұлақтар сылқ-сылқ күледі. Кез-келген қалтарыстан қаламгерлік қажырымен ижасалған тірі қаһармандар шыға келетіндей, жан-жағыңызға елең-елең қарайсыз” [З.Қабдолов. Арна, 1988, 46-бет].

Мұхтардың көркем прозасының бастауы болған “Қорғансыздың күні” оқыған адамды, ең алдымен, жиырманың аз-ақ үстіндегі жас жазушының шеберлігі қайран қалдырады, оның сол кездің өзінде Батыс-Шығыс әдебиеттерін біраз шиырлап тастаған білімі мен мәдениеті танылады” [З.Қабдолов. Арна, 1988, 63-бет] – деп бағалайды.

З.Қабдолов Әуезовтің әңгімелері жайлы әңгімелегенде оларды шетінен тізбелеп жатпайды. Теңіз суының дәмін бір тамшысынан-ақ білуге болатыны сияқты, ғалым да оның тұңғыш туындыларының бірі- “Қорғансыздың күні” арқылы-ақ жазушының суреткерлік сипаттамасын дәл бере алған: “Тегінде, шын мәніндегі нағыз үлкен талант өзінің өнер өрісінде жаттығу жасап, онша ұзақ күйбеңдемейтін болса керек. Әуезовтің осынау алғашқы әңгімесінің өзінде өзгеге ұқсамайтын өзіндік мәнер-машығы бар; кібіртіксіз көсіле жөнелген жорға қаламның ізі сайрап жатыр. Мұндағы шұрайлы тіл, шұрайлы стиль, дараланған адам характерлері, нәзік лиризм, терең психологизм нәтижесінде нақты әлеуметтік ортаның айқын сипатын беретін таза, мөлдір шындық Сабит Мұқановтың дәл айтылған тұжырымын сөзсіз растайды: “Қорғансыздың күні” атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді. [З.Қабдолов. Арна, А., 1988, 67-68 беттер] Осы сияқты “Оқыған азамат”, “Қыр әңгімелері”, “Үйлену”, “Ескілік көлеңкесінде”, “Барымта”, “Кінамшыл бойжеткен”, “Қаралы сұлу”, “Жуандық”, т.б әңгімелерінде “Өгейлік, өктемдік құрбаны болған қорғансыздар тағдыры... катал реализм арнасында үлкен суреткерлік күшпен бейнеленеді” – деп, олардағы ортақ қасиеттерді ашып көрсеткен.

Жалпы З.Қабдолов – зерттеушіге алдымен негізгі тұжырымдарын айтып алып, содан кейін барып, ойларын дәйектей түсу тән. М.Әуезовтің бас кітабы “Абай жолы” туралы сөз қозғағанда да оны талдауға бірден кірісіп кетпей, роман-эпопеяның жазушы шығармашылығындағы, қазақ әдебиетіндегі мәні мен маңызы туралы тебіреніске толы толымды ойлар айтып, алыстан ойқтастап барып, бірте-бірте зерттеу нысанына қарай жақындай түседі. “Туған халқына мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды сыйлау тек қадау-қадау ұлылардың үлесіне ғана тиген. Солардың бірі – Мұхтар Әуезов” [З.Қабдолов. Арна,1988,74-бет] – деп, бір қайырып тастайды. “Абай жолы” – Әуезовтің бас кітабы... “Абай жолы” романдарына қарай келеді. Тек М.Әуезовтің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің мақтанышына арналған роман-эпопеяны қасиет тұтып, көркемдік қуатымен бірте-бірте елти бастаған, талдауға бірден кірісе алмай, оның қай жағынан бастарын ойланып, толғанып тұрған Зекеңді көргендей бола-

мыз. Мұнда да өзінің оңтайына оңай келетін сауал-жауап тәсілін қолданып, “осындай орасан биік бағаға “Абай жолы” қандай қасиеттерімен жетті?” – дегенге жауап беруге кірісіп кетеді. Алдымен ұлттық әдебиетімізде бұрын-соңды болмаған роман-эпопеяның есігін тақырыбы жағынан ашып, шығарманың көз тартар көркемдік әлемінің ішіне “кіреді”...

Автор “Абай жолының” қазақ әдебиетіндегі роман-эпопея болуымен бірге онда қазақ халқы тарихының тұтас бір дәуірінің шынайы көрініс тапқанын қадап айтады: “...Мұхтар Әуезов өзінің төрт том “Абай жолы” арқылы бүкіл дүние жүзіне, қала берді – өз отандастарына, керек десеңіз, тіпті қазақ халқының ұлылығын – оның өткен өмірін, тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қазақ мінезі қалыптасқан трагикалық һәм творчестволық дәуірлерді ғажайып көркемдік күшпен жарқыратып берді. “Абай жолында” Ұлы октябрьге дейінгі қазақтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы ғана емес, күллі ұлттық рухы сайрап білініп тұр. ...Әуезовті оқымай қазақты білдім деу қиын [З.Қабдолов. Арна,1988, 76-бет].

“Абай жолының”сюжеті мен композициялық құрылымынан суреткерлік шеберлектің хас үлгісін көреді. Романдарда “...адам образдарын жасауға қызмет етпейтін бір де бір деталь, штрих, керек десеңіз, бірде бір сызық жоқ.Бәрі де мінездеу мен мүсіндеу, жинақтау мен даралау міндеттерін атқарып тұр. Әр характердің жасалу тарихы бар. Әр образ тип дәрежесіне дейін көтерілген” [З.Қабдолов. Арна,1988] – дей келіп, Абай, Құнанбай, Дәркембай, Базарлы және де әйелдер бейнесінің жасалу жолдарына үңіледі. Әсіресе, бас кейіпкер Абайға кеңірек тоқталып, оның асқан суреткерлікпен сомдалған “Эпопеяның жаны мен жүрегі”, “Кең құлашты, мол танысты эпикалық образ”, “Абай образы Әуезов талантының осы құдіретіне кепіл” екендігін шеберлік тұрғысынан дәлелдей түседі.

Зерттеушіні Құнанбай бейнесі қызықтырады. “Кері кеткен керзаманның жанкешті жақтаушысы, рулық – феодалдық жүйенің бір тінін үзгісі,бір өрімін ыдыратқысы келмейтін шынжырлы шонжар-жақсыныңжауы, күні өткен, тозығы жеткен көненің жамап-жасқаушысы” деп тұрғанымен де ол хақында “Құнанбай-азулы ғана емес, ақылды; шоқпар мен сойылдың ғана емес, әріден толғайтын ойдың адамы. Көзі дара болғанмен, көкірегі сара-көреген; ашуы мен қайратын қатар ұстайтын, қаталдығының арғы жағында қайсарлығы жатқан қасарма, сұғын қадағанда сілетпей тынбайтын қазымыр, қырыс кісі. Арыстанның айбаты да, жолбарыстың жүрегі де бір өзінде; жыртқыштығы да сондай; бүргені құтылмайды, құтылса мынаның тырнағы сонымен бірге кетеді. Мұнысы да қайтпас қайсарлыққа саяды. Осыған енді амалы мен айласықосылғанда Құнанбайдың қулығы мен сұмдығына, сұңғыла зымияндығына найза бойламай шығады. Мұнысы – ақылдан туған тәсіл. Құнанбай алыс-жұлысқа, арпалысқа ғана емес, сөзге де жүйрік, шешен; тілі өткір, тиген жерін теліп түседі. Осылардың бәрі Құнанбайдың өз ортасынан биік, оқшау тұрған жоталы тұлға екенін көрсетеді және оның осындай өзгеше бөлек бітімін өз ортасы да әбден мойындап болған” [З.Қабдолов. Арна,1988, 87-бет] – дегендей, қызықты байқаулар жасай алған. Сол кездегі социалистік реализмге негізделген әдебиеттану ғылымындағы адамдарды жағымды, жағымсыз бейнелерге бөліп қарастыратын дәстүрге қарамастан, пендешілігінен азаматтық болмыс биік тұрған Құнанбайды көре білуі ғалымның әдеби таным білігінің жоғары екендігін байқатса керек. Роман-эпопеяда көрініс тапқан дәуірдің қаталдығын, күрделілігін “Бұл – адам адамға дос емес, қасқыр болған Құнанбай заманының заңы” [З.Қабдолов. Арна,1988,88-бет] – деп түсіндіреді. Өз дәуірінің сөзін сөйлеп, ісін істеп, заманына орай өмір сүрген Құнанбайды “өйтпеді, бүйтпеді” деп кінәлаудың өзі де орынсыз.

“Әйел – ана ма, жар – жұбай ма, бұл бойжеткен бе...Әйтеуір қияпаты бөлек қазақ қызының мінез-құлқын, іс-әрекетін, сыр-сезімін, қимыл-қылығын дәл, терең, нәзік суреттеуге келгенде, шіркін, шебер алдына жан салмайды...Сонда әр кейіпкер – тип; әркімнің қашанғы таныс-бейтанысы боп шығады. Сонда бар ойданы тап-таза иманнан құйылғандай мейірім – шафхатқа толы Зере – әжелердің үлгісі; салқын қанды, сарабалсабырлы ақыл иесі Ұлжан – аналардың үлгісі, “сылдыраған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен” бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін “ақ еті аққан таңдай аппақ” ару Тоғжан – алыстан арайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі; әні сәніне, сәні әніне астасқан

асыл, аяулы Әйгерім – жас жігіттің нақсүйер сұлу жарының үлгісі...”[З.Қабдолов. Арна, 1988,91-бет] – деген жолдардан “Абай жолындағы әйелдер бейнесінің тұтас бір галереясы жасалғандығын айтуы да дәл.

Роман-эпопеяның көркемдік ерекшеліктері дегенде, ұзақсонар әңгімелеп жаппай, бір ғана табиғат көріністерін берудің өзінен-ақ шын шеберліктің шыңын көреді. Пейзаждың жазушы стилін, адам бейнесін жасаудағы сырын ашады. М.Әуезовтің шығармасындағы адам мен табиғат арасындағы тылсым тұтастықты мөлдіретіп, сол күйінде бейнелеп салған суреткерлік шеберлікке таң қалады:

“Алдымен, бұл неткен бай табиғат! Кітаптың әр бетінде әр түрлі тіршілік дүниесі бар. Мұнда қазақ даласының хош иісті гүлі, қызыл шымқай қызғалдағы, қошқыл – кермек жусаны, сида-бұта шиі, домаланған қаңбағы, шиыр шалғыны, кербез тауы, көк тіреген шыңы, түпсіз тұңғиық құзы, күлкішіл өзені, ақ айдын көлі, жасыл майса көгалы, торғын аспаны, шудаланған бұлтты, сіркезеген жаңбыры, ақ ұлпа қары, асау бораны, ерке желі, тентек құйыны, шымыр сазы, шымшығыш ызғырығы, сұлаған бел-белесі, ойшыл орманы, тынысты тоғай, ақ ару айы, жымыңы көп жұлдызы, мөлдір шығы, тұнжыр тұманы, алдамшы сағымы... – күндіз, түні, қысы, жазы, күзі, көктемі... – бәрі, бәрі бар.

Осының бәрі жан тебіренер ғажап, мың құбылған түрі бар, сан иірім сыры бар – тұтас бір образ, адам мекені, халық мекені – дала образы!” [З.Қабдолов. Арна,1988, 92-бет]. Әуезовтің жазушылық шеберлігі жайлы айтпақ болған ғалым Мұхтар салған қоңыр әнге ыңылдай қосылып, оның соңынан қалай еріп кеткенін өзі де байқамай қалғандай...

З.Қабдолов “Абай жолының” төрт түрлі жетістігін атап тұрып көрсетеді. Олар: “Әуезов құрғақ, сылдыр сөйлем құрмайды, ең әуелі өзі тебірене толқып алады да, сол тілсіз сезім тілімен сөйлейді”, “алдымен Әуезовтің өзі анық акын; тұтанбай, ұшқындамай, лапылдамай, өртенбей жаза алмайтын нәзік дірілді сыршыл акын”; Әуезов – суретші, нағыз художник – қағазды, кітап парақтарын аспанға, жерге, құбылысқа, дүние-тіршілікке айналдырып жіберетін шебер”; “Әуезов – терең психолог, оқырманның жан-дүниесін сілкіп –сілкіп жіберетін күш!» [З.Қабдолов. Арна,1988, 93-бет]. Ол роман-эпопеяның осындай қадір-қасиеттерін санамалай көрсетіп, өз ойларын “Абай жолын” оқыған адам өмірдің өнерге айналған академиясын өткендей болады” З.Қабдолов. Арна,1988, 94-бет] – деген жолдармен түйіндеген. Әдеттегідей қорытынды пікірмен аяқталмай, оқырман ойы ары қарай жалғаса берсін деп жолға салып жібергендей, тосыннан аяқталуы шеберліктің шырайын байқатса керек.

Сол сияқты З.Қабдоловтың әдеби сын, зерттеу мақалаларын оқығанда да көркем шығарма оқығандай тұщыным аласыз. Сыншы Зейнолланың әрбір мақаласы көркем әдебиет тақырыбына жазылған қысқа әңгімедей әсер етеді. Ол өзінің сыншылық қызметінде әдеби сынға әдебиеттің бір саласы деп қарап, сондықтан да оған сөз өнерінің әдіс- тәсілдерін кеңінен қолданып отырған. Бұған мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мысалы, ол М.Әуезовтің шеберлігі жайлы төмендегіше төгіліп- төгіліп кетеді:

"Бұл шебер мелшиген қара тасқа тіл бітіріп, сөйлетіп, ән салғызады. Жел сызғырған бір түп қуыш шиге, немесе селдір қияққа шежіре шерткізіп, ертек айтқызып қояды. Суды сылқ- сылқ күлдіреді, кейде ызаға булықтырып, бұлқынтып, байлап тастайды. Тауы сыздап, тұнжырап, ызғар шашады. Кейде қаңқ-қаңқ етіп, сізге наз айтады. Аспаны мен жерінде не ғажап сыр бар. Айының оң қылығының бірін алып қараңызшы: сізбен жасырынбақ ойнап, бірде бетін баса қап, бірде көзін сығырайтып, күле қарап, құлдырап болады; енді бірде аппақ адал пейілімен, бар ықыласымен ғашықтар жүрегінің лүпіліне куә болады" (З.Қабдолов. Жебе, А.,1977, 188- бет). Бұл жолдар М.Әуезовтің шығармаларын талдау емес, сол "Абай жолы" романынан алынған үзіндідей ұғынылады. Бұл жерде біз Мұхтардай ұлы жазушының әсемдік әлемінің ішіне кіріп, тау- тасы, өзен- суы бар жусанды далада көкірек кере дем алып, оны бар болмысымен сезініп, көңіл көзімен көріп жүрген сыршыл сыншыны көреміз.

4. Қорытынды.

З.Қабдолов әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеп, қазақ әдебиеттану ғылымына терең де, жан-жақты, әрі тың, әрі құнды, мәңгі мәнін жоймайтын зерделі зерттеулер әкелді.

З.Қабдолов – ұлттық мәдениет пен әдебиеттің дамуына орасан зор еңбек сіңіріп, ғылыми шығармашылықпен аса жауапкершілікпен айналысқан, ғылымға шексіз берілген аса көрнекті ғалым. Қазақ әдебиеті мәселелеріне көп араласқан, жалпы әдебиеттің жан-жақты білгірі З.Қабдоловтың табысқа толы ғұмырын бір жұмыс көлемінде толық ашу оңай емес, ол келешектің үлесі мен міндеті.

М.Қаратаев ғалым туралы: "Зейнолла Қабдоловтың жазушылық, ғалымдық, ұстаздық қабілеттері қатар, қабат жалғаса дамып келеді. Ол – көркемсөз шебері болумен қоса, оның зерттеушісі, сыншысы, сол көркемсөз құбылыстарының және оқытушысы. Бір жағынан әңгіме, повесть, роман жазып, екінші жағынан, әңгіме жанры жөнінде дербес монография ("Жанр сыры") мен бүкіл әдебиет теориясының ("Сөз өнері") арнайы оқулығын жазып шығуы, үшіншіден, осы жайында және әдебиет тарихынан университетте дәріс оқуы З.Қабдоловтың тұлғасы мен тұрпатын ерекше танытса керек" – деген пікір білдірген екен.

«Қабдолов еңбектері туралы айтқанда оның әдеби көркем шығармалары мен әдеби зерттеу еңбектерінің арасында үзілді-кесілді меже қоюға болмайтындағын ескеруіміз керек. Көркем шығармалары ғылыми еңбектерге, ғылыми еңбектері, зерттеу-сын жазбалары көркем шығармаларға бергісіз, тартымды әрі тез оқылады, ұтымды әрі ұғымды қабылданады», - дейді ғалымның жазушылық шеберлігі турасындағы еңбегінде Р.Мүтәлиева. Р.Мүтәлиева (1997)

Тағылымды туындыларының да, зерделі еңбектерінің де ерекшелігі мол, әдебиет пен ғылымда ойып орын алған, өзі айтқан «ардың ісіне» асқан жауапкершілікпен, бар өмірін арнап қызмет еткен З.Қабдоловтың әдебиеттану саласындағы мол мұрасы әлі де зерделеуді, зерттеп, тануды қажет етеді. Ал бұл қиын да күрделі іс – болашақтың еншісі.

З.Қабдоловты ғалым ретінде негізінен бүгінгі дәуір әдебиетінің жай-күйі, көркемдік мәселелері көбірек қызықтырады. Ол өткен дәуірдегі Абайға барғанда, оның ақындық құдіреті алдында бас иіп, өлеңдерін назым сөздің өлмес эталоны ретіндекейінгі ақындарға үлгі етіп, ұсынады. М.Әуезов туралы тебіренгенде Абайдың әдеби дәстүрін жалғастырушы ұлы жазушыны көреді. Өз заманының әдебиетін сөз еткенде, ол сөз өнерінің өлшемі ретінде осы екі ұлыға дүркін-дүркін оралып соғып, олардың өлмес туындыларын көркемдіктің өлшемі, таразысы етіп алып отырады.

Әдебиеттер тізімі

Мүтәлиева Р.Зейнолла Қабдоловтың жазушылық шеберлігі. – Алматы: Өлке, 1997 -124 б.

Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б.

Қабдолов З. Арна. – Алматы, 1996.

Қабдолов З.М.Әуезов. – Алматы, 1997.

Қабдолов З. Жебе. – Алматы, 1977. – 188 б.

Қабдолов З. Шығармалары. Ғылыми зерттеулер. Талдаулар мен толғаулар. Т.5 — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 328 б.

Қабдолов З. Шығармалары. Т.4: Үш алып. Төрт арыс. Ғылыми зерттеулер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 320 б.

УДК 371.212.3

ПОНЯТИЕ И СТРУКТУРА ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ОДАРЕННОСТИ ШКОЛЬНИКОВ КАК ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Торина Г.К.,

учитель казахского языка и литературы,
ГУ «Школа-гимназия № 2 отдела
образования акимата города Костаная»

Матвеева Н.А.,

кандидат педагогических наук,
старший преподаватель, КГПИ,
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Оқушылардың қабілеттілігін дамыту мәселелері, соның ішінде лингвистика бір фактор ретінде, оқытудың табыстылығы практикалық мәні жағынан арта түсуде. Мектеп оқушыларының лингвистикалық дарындылығын дамыту деген өзекті тақырыпқа мақала арналған. Бұл мақалада «Дарындылық» деген сөздің түсінігі мен оның түрлері ашылады. «Оқушылардың лингвистикалық дарындылығы» туралы түсініктің анықтамасы берілген және оның компонент құрылымы сипатталған. Лингвистикалық дарындылық өзіне ғана тән қабілеттерді қамтиды, соның ішінде лингвистикалық жасампаз және коммуникативтік қабілет, тілдік түйсік, тілдік болжам, шет тілдерге деген қабілеті.

Аннотация

Разработка проблемы способностей учащихся, в том числе лингвистических как одного из факторов, влияющих на успешность обучения, приобретает все большее практическое значение. Статья посвящена актуальной теме – развитию лингвистической одаренности у школьников. Раскрываются подходы к понятию «одаренность», ее виды. Дано определение понятия «лингвистическая одаренность учащегося», описаны ее составные компоненты. Лингвистическая одаренность включает в себя некоторые специфические способности, такие как способность к иностранным языкам, языковая догадка, языковая интуиция, коммуникативные способности и лингвистическая креативность.

Abstract

Development of a problem of abilities of students, including linguistic as one of the factors influencing the success of training, is becoming of great importance. The article is devoted to a topical theme of the development of linguistic giftedness of schoolchildren. The analysis of the concept of giftedness from different points of view is provided, its types are listed. The definition of “linguistic giftedness of schoolchildren” is given; its components are described. Linguistic giftedness includes some specific abilities such as foreign language aptitude, language guessing, linguistic intuition, communication skills, and linguistic creativity.

Түйінді сөздер: дарындылық, дарынды балалар, лингвистикалық дарындылық, лингвистикалық дарындылықтың компоненттері.

Ключевые слова: одаренность, одаренные дети, лингвистическая одаренность, компоненты лингвистической одаренности.

Key words: giftedness, gifted children, linguistically gifted, linguistic giftedness, language talent, components of linguistic giftedness.

1. Введение.

Создание условий, обеспечивающих выявление и развитие одаренных детей, реализацию их потенциальных возможностей, является одной из приоритетных задач современного общества. Наличие социального заказа способствует интенсивному росту работ в этой области. Проблема одаренности в настоящее время становится все более актуальной.

Одаренный ребенок – это ребенок, который выделяется яркими, очевидными, иногда выдающимися достижениями (или имеет внутренние предпосылки для таких достижений) в том или ином виде деятельности.

Мы исходим из того, что одаренность – это результат наложения друг на друга трех факторов:

- способности выше среднего;
- высокий уровень включенности в решение какой-то задачи;
- высокий уровень креативности, которую мы рассматриваем как «способность к творчеству, определяемую в наиболее общем виде как «способность генерировать нетрадиционные стратегии и способы решения проблемных задач» (Бурменская&Слуцкий, 1991).

Одаренный ребенок не только тот, кто превосходит сверстников по всем трем параметрам, но и тот, кто имеет высокий уровень хотя бы по одному из них. Поиск адекватной модели сопровождения одаренных школьников в школе обусловлен следующими проблемами:

- а) отсутствие общего понимания одаренности;
- б) отсутствие четких критериев и показателей эффективности процесса сопровождения одаренных детей в процессе их обучения.

2. Обсуждение.

Анализ понятия «одаренность» показал, что на сегодняшний день существуют различные подходы к определению одаренности:

- понятие одаренность сводится к норме, отсюда миф, что все дети одаренные (В.Э. Чудновский, В.С.Юркевич и др.);
- разграничиваются понятия одаренность и способности (С.Л. Рубинштейн, Б.Г.Ананьев, Н.С. Лейтес и др.);
- теоретическое изучение одаренности расширяется и углубляется за счет теории наследственности, воспитания и среды (Р. Декарт, Дж. Локк, К. Гельвеций, В.П. Эфроимсон и др.);
- одаренность рассматривается, как творческое развитие, т.е. психологическая структура одаренности совмещается со структурными элементами творческого развития (А.М. Матюшкин, П. Торренс и др.);
- одаренность рассматривается, как изначально формируемое из способностей и наклонностей (Б.М. Теплов, Дж. Гилфорд и др.).

В трудах С.Л.Рубинштейна (Рубинштейн, 1989), и Б.М. Теплова (Теплов, 1971) сделана попытка классифицировать понятие способности, одаренности и таланта по единому основанию успешности деятельности:

- способности, формирующиеся в деятельности на основе задатков (анатомо-физиологических способностей человека);
- индивидуально-психологические особенности, отличающие одного человека от другого и определяющие успешность деятельности;
- специальная одаренность – качественно своеобразное сочетание способностей, создающее возможность успеха в деятельности;
- общая одаренность – способность к широкому кругу деятельностей.

Данный подход позволил В.Д. Шадрикову охарактеризовать одаренность как целостное проявление способностей в деятельности, как общее свойство интегрированной в деятельности совокупности способностей (Шадриков, 1992).

Лингвистическая одаренность учащихся – это «повышенный уровень способностей к ускоренным процессам мышления на чужом языке, к активной познавательной деятельности в области теории и истории языка, к креативности в выборе способов общения на иностранном языке, к устойчивой мотивации в изучении языка» (Румянцева, 2006).

В данном определении речь идет как об изучении и владении родным, так и об иностранных языках. Безусловно, что мы изучаем родной язык с момента рождения и, говоря о его изучении в школе, как правило, подразумеваем совершенствование уже приобретенных лингвистических умений и навыков. Поэтому целью нашего исследования является лингвистическая одаренность в аспекте изучения английского языка и казахского языка как иностранного. Мы пришли к выводу, что именно уровень владения иностранным языком в полной мере может продемонстрировать уровень развития лингвистической одаренности учащихся. Более того, говорить о развитии лингвистической одаренности можно только в том случае, если учащийся владеет более чем одним языком (т.е. как минимум еще одним языком кроме родного).

Лингвистическая одаренность – это сложное комплексное образование, в составе которого выделяют следующие *компоненты*: чувство языка, языковые способности, коммуникативные способности, иноязычные способности, языковая догадка, языковая интуиция, способности к иностранным языкам (см. Таблица 1).

Таблица 1.

Компоненты лингвистической одаренности

Чувство языка (Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин)	«Эмоциональное чувство согласованности/несогласованности, гармонии в языке, понимание системных свойств языка, сопровождающее процесс порождения и восприятия речи. Возникает как результат подсознательного обобщения многочисленных речевых актов»
Чувство языка («Психологический словарь»)	«Феномен интуитивного владения языком, проявляющийся в понимании и использовании идиоматических, лексических, стилистических и пр. конструкций еще до целенаправленного овладения языком в обучении. Представляет собой обобщение на уровне первичной генерализации без предварительного сознательного вычленения элементов, входящих в это обобщение. Формируется в результате стихийного овладения речью и базовыми когнитивными операциями. Обеспечивает контроль и оценку правильности и привычности языковых конструкций»
Языковая догадка (Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин)	«Способность раскрыть значение незнакомого слова (словосочетания) через контекст; строится на использовании знаний в области словообразования, умении понять уже известные многозначные слова в новых значениях, на знании интернациональных слов родного и изучаемого языков»
Языковая догадка или интуиция (В.А. Пасхалова, Т.И. Черных)	«Непосредственное понимание слов и речевых структур, которые еще не встречались в речевом опыте реципиента. Происходит сопоставление встречаемой единицы с некоторым набором эталонов в долговременной памяти»
Языковые способности (М.К. Кабардов)	«Индивидуально-психологические особенности, выражающиеся в быстроте и легкости приобретения лингвистических знаний, правил анализа и синтеза единиц языка, позволяющих строить и анализировать предложения, пользоваться системой языка для решения коммуникативных задач»

Языковые способности (Е.В. Дёмина)	«Совокупность устойчивых индивидуально специфических психо-динамических и содержательно-деятельностных характеристик носителя языка, определяющих способ его готовности к пониманию и производству речи»
Иноязычные способности (И.В. Барынкина)	«Способности к использованию различных систем символических форм, осуществляющих функцию общения»
Коммуникативные способности (Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин)	«Способности, свойства личности, обеспечивающие эффективность ее коммуникативной деятельности, прежде всего общения с другими личностями, и психологическую совместимость в деятельности»
Лингвистическая креативность (Т.В.Тюленева, В.М.Панфилова, А.Н.Панфилов)	«Комплекс способностей к созданию объективно и субъективно-новых идеальных продуктов с помощью средств родного и/или иностранного языка, продуцированию устных и письменных высказываний на основе дивергентного мышления, сопряженный со стремлением студентов к творческой речевой деятельности»

Данные составные компоненты лингвистической одаренности являются междисциплинарными и рассматриваются в педагогике, психологии, лингводидактике, психолингвистике. Однако ведущая роль в развитии одаренности отводится педагогике: «Становление одаренности – междисциплинарный процесс, но в основе его лежит универсальная константа, которая носит педагогический характер» (Дмитриенко и Кулемзина, 2005, с. 64).

Анализ литературы по проблеме лингвистической одаренности позволяет определить учащегося с признаками лингвистической одаренности как ученика, который имеет следующие индивидуально-психологические особенности:

- имеет устойчивую мотивацию в изучении иностранного языка;
- имеет повышенный уровень интеллектуальных, коммуникативных, лингвистических способностей;
- демонстрирует скорость овладения языком, легкость и быстроту приобретения лингвистических знаний;
- характеризуется креативностью в выборе способов общения на иностранном языке;
- демонстрирует эффективность использования языка в процессе иноязычной коммуникации (Panfilova и Panfilov).

3. Выводы.

Таким образом, лингвистически одаренные ученики в достаточно быстром темпе оформляют мысли средствами иностранного языка, допуская при этом незначительное количество ошибок. Они могут легко вводить элементы собственного языка по аналогии с уже известными. В процессе чтения текста, на основе повышенной мотивации к обучению, они пытаются сразу же понять смысл написанного, пользуясь лишь собственными знаниями и лингвистической догадкой. Лингвистически одаренные дети могут увлечься изучением не только одного, но и нескольких языков.

В целом пока нет единых позиций относительно методов, способов, приемов выявления языковых способностей и лингвистической одаренности. Специалисты (учителя, преподаватели иностранных языков) говорят о том, что лишь немногие обучаемые имеют данные способности. Они обнаруживаются в процессе овладения языком, в речевой деятельности. Более того, у каждого эти способности могут быть выражены индивидуально специфично и асимметрично (один владеет уникальным объемом словарного запаса, другой обладает безупречным произношением, третий прекрасно переводит). Практики в области иноязычного образования называют факторы, которые прямо или косвенно могут свидетельствовать о лингвистической одаренности школьника: успехи в математике, в русском языке и литературе одновременно; способности к пению; музыкальный слух; способности к пародированию;

хорошая память (быстрое заучивание стихов, песен; память на цифры, факты); хороший темп речи; беглость чтения на родном языке; общее развитие речи (хорошая дикция, умение рассказывать, пересказывать, говорить длинными развернутыми предложениями, быстрая речевая реакция на вопросы). Однако ведущим показателем лингвистической одаренности является полилингвизм.

Список литературы

- Бурменская Г.В., Слуцкий В.М. Одаренные дети. – М.: Прогресс, 1991. – 376 с.
- Дмитриенко В.А., Кулемзина А.В. Феномен детской одаренности в его теоретико-педагогическом осмыслении // Вестник Томского гос. пед. ун-та (Tomsk State Pedagogical University Bulletin). – 2005. – Вып. 2 (46). – С. 56–64.
- Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Т. 2. – М., 1989.
- Румянцева М.В. Обучение лингвистически одаренных школьников иностранному языку в условиях дополнительного образования: дис. ... канд. пед. наук. – СПб., 2006. – 188 с.
- Теплов Б.М. Избранные труды. Т.1. – М., 1971.
- Шадриков В.Д. Деятельность и способности. – М., 1992.
- Panfilova V.M., Panfilov A.N., Merzon E.E. Organizational-Pedagogical Conditions to Form the Foreign Competence in Students with the Features of Linguistic Giftedness [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.ccsenet.org/journal/index.php/ies/article/view/44768/24392> (дата обращения: 20.02.16).

УДК 37

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ - ХАНДЫҚ ДӘУІР АЙНАСЫ

Сейтқасымова Қ.С.,
Қазақ тілі мұғалімі
№ 2 мектеп-лицей,
Қостанай қаласы

Аннотация

Мақалада жыраулар поэзиясы – қазақ мәдениетіне ғана тән бірегей тарихи-мәдени құбылыс екендігі қарастырылады. Бірегей құбылыс болатын себебі – дүние жүзіндегі арғы-бергі тарихында қазақ жыраулары мен олардың жыр-толғауларына дәлме-дәл сәйкес келетін әдеби шығармашылық иелері де, шығармалар да кезікпейді. Ал жыраулар поэзиясының өзімен дәуірлес өзге елдер әдебиетіндегі үлгілерден бөлек арна түзеп, өзіне ғана тән мазмұнмен және өзіне ғана тән пішінмен тарих сахнасына шығуының сыры оның қазақ топырағында тарихи оқиғалармен, тарихи жағдайлармен орайласа тууында жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, жырауларды өз елінің арман-аңсарын, мақсат-мұратын жырлаған, халқының өмір салтын, тірлік-тынысын боямасыз бейнелеген еркін ойлы шығармашылық иелері ретінде тану абзал.

Аннотация

В данной статье рассматривается поэзия жырау как историко-культурный феномен, потому что явление уникальное – впервые в мире в истории казахской поэзии и момента их появления песни-размышления точно соответствует владельцу литературного творчества. А в литературе других стран образцов поэзии жырау отдельно отмечается со своим содержанием, в его истории присущие только ему черты с историческими событиями родного края, показывающих исторические условия появления некоторых произведений. С этой точки зрения, жырау-певец, импровизатор своей

мечты, показывающий подвиги и славу народа, образ жизни, советник и наставник правителей.

Abstract

This article discusses the poetry of Zhyrau as a historical and cultural phenomenon, because the phenomenon is unique in the world for the first time in the history of Kazakh poetry and of song-reflections exactly matches the owner of literary work. And in the literature of other countries specimens of the poetry of Zhyrau separately marked with its contents, in his history of the characteristic features with the historical events of his native land, showing the historical conditions of the emergence of some works. From this point of view, bard is a singer, improviser of his dreams, showing the exploits and fame of the people, the lifestyle, Advisor and mentor to rulers. This article discusses the poetry of Zhyrau as a historical and cultural phenomenon, because the phenomenon is unique in the world for the first time in the history of Kazakh poetry and of song-reflections exactly matches the owner of literary work. And in the literature of other countries specimens of the poetry of Zhyrau separately marked with its contents, in his history of the characteristic features with the historical events of his native land, showing the historical conditions of the emergence of some works. From this point of view, bard is a singer, improviser of his dreams, showing the exploits and fame of the people, the lifestyle, Advisor and mentor to rulers.

Түйінді сөздер: *жыраулар поэзиясы, тәрбие, тарихи-мәдени құбылыс, ұрпақ, аңыз, жыр-толғау, ел тағдыры.*

Ключевые слова: *поэзия жырау, воспитание, культурно-исторический процесс, поколение, легенда, песня-размышление, судьба народа.*

Key words: *poetry Zhyrau, education, cultural-historical process, generation, legend, song and reflection, the fate of the people.*

Жыраулар поэзиясы – қазақ мәдениетіне ғана тән бірегей тарихи-мәдени құбылыс. Бірегей ұбылыс болатын себебі – дүние жұртының арғы-бергі тарихында қазақ жыраулары мен олардың жыр-толғауларына дәлме-дәл сәйкес келетін әдеби шығармашылық иелері де, шығармалар да кезікпейді. Ал жыраулар поэзиясының өзімен дәуірлес өзге елдер әдебиетіндегі үлгілерден бөлек арна түзеп, өзіне ғана тән мазмұнмен және өзіне ғана тән пішінмен тарих сахнасына шығуының сыры оның қазақ топырағында тарихи оқиғалармен, тарихи жағдайлармен орайласа тууында жатыр. Жыраулар поэзиясының XV-XVIII ғасырларда қанат жая дамуының ең негізгі себебі – жыраулардың дербес елде өмір сүріп, өз елінің тағдырына, болашағына қатысты ойларын ашық айтуға мүмкіндік алуында жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, жырауларды өз елінің арман-аңсарын, мақсат-мұратын жырлаған, халқының өмір салтын, тірлік-тынысын боямасыз бейнелеген еркін ойлы шығармашылық иелері ретінде тану абзал.

Әлбетте, қазақ жыраулары тарихи-мәдени құбылыс ретінде бір ғана жыл аясында пайда бола қалмағаны анық. Жыраулар поэзиясының кемелдене өркендеу дәуірі XV-XVIII ғасырларға тән болғанымен, оның алғашқы бастаулары XV ғасырға дейінгі жылдарда жатқаны және жаңа тұрпатты поэзияның ізашар өкілдері есімдері бүгінгі ұрпаққа аңыз болып жеткен шешендер мен алғашқы жыраулар болғаны шүбәсіз. Аңызбен астасып кеткен тұлғалар арасынан өмірде болғандығы күмән келтірмейтін жырау – Сыпыра Сұрғалтайұлы. Себебі халыққа кеңінен таралған эпостық жырларда, сондай-ақ кейінгі жыраулардың жыр-толғауларында Сыпыра жыраудың есімі аталып қана қоймай, оның өзі өмірде болған адам ретінде бейнеленеді. Сонымен қатар, оның бүгінге дейін жеткен жыр-толғаулары да Сыпыра жыраудың тарихи тұлға екенін дәйектей түседі. Осы жағдайларға қарасақ, жыраулар поэзиясының өзіндік үрдіс-үлгісі XV ғасырдан бұрын, яғни Сыпыра Сұрғалтайұлымен қатар жасаған жыраулардың шығармаларында қалыптаса бастағанына ден қоюға болады. Егер жыраулар поэзиясының Қазақ хандығы тарих сахнасына шықпай тұрып пайда бола бастағанына ден қойсақ, онда қазақ халқының ұлт ретінде ұйыса бастауын да XV ғасырға дейінгі кезеңнен іздеу

орайлы болмақ. Өйткені қандай да бір ұлттың жеке ұлт екендігін ай ақтайтын факторлардың бірі сол ұлттың өзіне ғана тән тілі, мәдениеті екендігі белгілі. Ал жыраулар поэзиясының Қазақ хандығына дейін де көрініс беруі Әбілқайыр ханның билігі аясында тірлік етіп жатқан сан түрлі жұрт арасынан белгілі бір рулар мен тайпалардың өмір салты, мақсат-мұраты тұрғысынан бір арнада тоғыса бастағанын танытады. Демек, қазақ халқы XV ғасырға дейін-ақ жеке ұлт ретінде ұйысып, мақсат-мүддесі мен өмір салты ортақ жұрт ретінде тірлік ете бастаған.

Ал 1456 жылы дербес Қазақ хандығының құрылуы – сол ортақ мақсаттың тарихи шешім табуы [1]. Бұл ойдың шындықтан алшақ кетпейтінін Сыпыра жыраудың толғауынан алынған сөздер де тиянақтай түседі: ...Мен дүниеге келгенде Әділетсіз хан көрдім, Сауға болған дұшпанға Есепсіз жүрген мал көрдім. Алла тағала әмбеге Бөліп берген ырысты. Соның үшін, хан ием, Көксемегей ұрысты. Бейнетпен мал жинаған Мәртебесі мол болар. Бейнетқордың малы өсер, Тама-тама көл болар. Момын елдің жаны өсер, Ақырында ел болар. Жанжалкеш ел жауласып, Жұрт арасы қан болар. Қара жермен тең болар. Ұрысты онша көксеме, Етек тарылып жең болар. Бағы тайса еліңнің, Қақаған қыс болса да, Мұз айырылып сен болар. Момын елге тимегін, Кеуілінде мұңлы шер болар. Ерегісіп қоймасаң, Ызалы ел бірігіп, Қылыш алып қолына, Қатыны да ер болар, Сеніменен тең болар. Күшейіп кетіп ел сенен, Етек-жеңің сел болар.

Толғаудан ұзақтау үзінді алып отырған себебіміз – Сыпыра жырау өмір сүрген жылдардағы ел тірлігінің қандай сипатта болғанына, елдің нені көксегеніне ой көзін жүгірту. Үзіндідегі «Мен дүниеге келгенде...» деп басталатын тармақтан «Етек тарылып жең болар» деген тармаққа дейінгі аралықта айтылған мазмұнға қарасақ, ел билеген әміршінің халыққа тізе батырған өктемдігін, ұрыс-жанжалға құмарлығын, соның салдарынан ел ішінде береке-сіздік орын алғанын аңғарамыз. Осыдан кейінгі толғау жолдары береке-сіз тірліктен қажыған елдің ырзықты-несібелі өмір сүруді арман еткенін аңдатады. Ел көңілінде басқаша өмір үрдісін орнықтыруға мүдделі ниет туа бастағанын төмендегі жолдар әсіресе анық көрсетеді: ...Ызалы ел бірігіп, Қылыш алып қолына, Қатыны да ер болар, Сеніменен тең болар. Күшейіп кетіп ел сенен, Етек-жеңің сел болар. Демек, 1456 жылы дербес Қазақ хандығының құрылуы – ызалы елдің бірігіп, өзінің дербес өмір салтын түзуге деген ұмтылысының жемісі. Ал жырау айтып отырған «ызалы ел» – өктем ханның тізесі батқан рулар мен тайпалар. Осы жағдайларға ден қойсақ, дербес Қазақ хандығының сүйегін құраған жұрт осы «ызалы ел» екенін бағамдаймыз. Ал әділетсіз хан билігінен әбден қажыған «ызалы елдің» ортақ мұратқа жұмылып, дербес ел ретінде өмір сүруге талпынуына ықпал еткен, басқаша айтқанда, «әділетсіз хан» билігі астында «кеуілі мұңлы шерге» толған «момын елдің» тәуелсіз жаңа мемлекет құруға мүдделі болуына идеологиялық негіз салғандар сол елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтаған жыраулар болғаны анық.

Тарих сахнасына жаңа мемлекет – Қазақ елінің шығуына идеологиялық негіз дайындаған алғашқы жыраулардың көпшілігінің есімдері де, халықты жаңаша өмір сүруге үндеген шығармалары да бүгінде белгісіз. Әдебиет зерттеуші ғалымдардың мұрағат құжаттарынан, ел арасында айтылып жүрген ауызекі әңгімелер мен аңыздардан тірнектеп жинаған еңбектерінің арқасында Қазақ хандығына дейін жасаған жекелеген жыраулардың аты-жөндері, жыр-толғауларының үзінді-үзіктері белгілі болды. Мұндай сөз иелерінің қатарында Сыпыра Сұрғалтайұлынан басқа, Кетбұғы, Жұмақұл сияқты жыраулар аталады [2]. Сондай-ақ, Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңде өмір сүріп, ел жадында сөз қалдырған жыраулардың бірі Қодан-тайшы екендігі де анық. Оның өз баласы Дайырқожа өліміне байланысты айтқан жыры бүгінде көкірегі ашық жұрттың бәріне белгілі. Дербес Қазақ хандығына дейінгі кезеңде өмір сүрген жыраулар мұрасынан осы уақытқа дейін сақталып жеткен Сыпыра жырау мен Қодан-тайшы сөздерін хандық дәуірдегі жыраулар шығармаларымен салыстыра қарасақ, жыраулық поэзия дәстүрінің ілкі нышандары арғы жылдарда жатқанын қапысыз түсінеміз.

Себебі жыраулар поэзиясының ізашарлары мен сол поэзияны кәркемдік кемелдікке жеткізген тұлғалар еншісіндегі шығармалардың сыртқы пішінінде, яғни ырғақ, буын, бунақ,

интонация сияқты элементтерде айырмашылық мүлдем жоқ. Ал көркемдік мазмұн тұрғысынан келгенде, алғашқы жыраулар поэзиясында белгіленген көркемдік бағдар кейінгі толқында жан-жақты тармақталып, кеңінен өрістегенін байқаймыз [3]. Шығармашылық даму жолында мұндай өзгерістердің болуы – заңды жәйт. Өйткені – дербес Қазақ хандығына дейінгі өмір мен дербес ел өмірінде айырмашылықтар бар. Міне, сол айырмашылықтар өмір бейнесі – поэзияда көрініс тапқан. Демек, поэтикалық көркемдік үлгісі Сыпыра, Кетбұғы, Жұмақұл, Қодан-тайшы шығармаларында жатқан XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы – хандық дәуірдегі ел өмірінің көркем бейнесі. Олай болса, жыраулар поэзиясында өз дәуіріндегі ел өмірі қалай бейнеленген? Бұл сұрақтарға жауап іздеу жыраулар поэзиясындағы көркемдік мазмұн мәселесін зерделеуге жетелейді. Ал көркемдік мазмұн – әдеби шығармалардың оқиға желісін, тақырып, идеясын сөз етумен шектелмейтін поэтикалық мәселе. Бұл тұста назар аударуды қажетсінетін көптеген көркемдік сипаттар бар. Солардың бірі – көркемдік әдіс, ағым-бағыттар және солардың жетекші мән иеленуіне себепкер болған жағдайлар.

Жыраулар поэзиясы – реалистік және романтикалық көркемдік әдістерді тел тоғыстырған әдеби құбылыс. Аталмыш екі әдістің жыраулар шығармашылығында өзара ұштаса көрініс табуының негізгі екі себебі бар. Оның бірі – өздерінің жыр-толғауларына арқау еткен мәселені жыраулардың өмірлік шындықтан алуы және сол шындықты халық көңіліне ұялайтындай мазмұнда шынайы жырлауға ұмтылуы болса, екінші себебі, – яғни романтикалық әдістің көрінуі, – жыраулардың шығармашылық ұстанымының халықтық арман-мұраттардан өріс алуында жатыр. Дәл осы романтикалық әдіске ден қоюшылық, әсіресе, қазақ жұртының дербес ел болуға бет түзеген кезеңінде өмір сүрген жыраулар поэзиясына етене болып келеді. Оның сыры өз билігін өз қолына алып, өзінің жаңа мемлекетін құруға ұмтылған халықтың романтикалық сезімге толы асқақ арманымен байланысты. Жалпы, мұндай жағдай жаңа өмір құруға ұмтылған кез келген халықтың тарихына тән көрініс болып келетіні белгілі. Осындай халықтық романтика жыраулар поэзиясына да әсер еткені анық.

Осы орайда ескеру абзал, романтикалық әдістің негізгі ерекшеліктерінің бірі суреттеген жәйтті я асқақтата, я құлдырата жеткізуі болып келеді. Нақтылай айтқанда, романтизмге бағдар ұстанған шығармашылық иесі абзал сезімдерді, игілікті іс-әрекеттерді асқақтата көрсетсе, соған керісінше, қайғылы жағдайды, келеңсіз мінез-құлықтарды, ұнамсыз жәйттерді мейлінше құлдырата ұсынатыны белгілі. Мысал үшін XV ғасыр жырауларының төмендегі жолдарына зейін салып көрелік. Ата жұрт – Еділдің суретін Қазтуған жырау былайша асқақтатса: ...Салп-салпыншақ анау үш өзен – Салуалы менің ордам қонған жер, Жабағылы жас тайлақ Жардай атан болған жер, Жатып қалған бір тоқты Жайылып мың қой болған жер; Жарлысы мен байы тең, Жары менен сайы тең, Ботташығы бұзаудай, Боз сазаны бұзаудай... Қайран менің Еділім!. Шалкиіз жырау толғауында Орманбет биден айырылған елдің қайғысы былайша бейнеленеді: Орманбет би өлген күн – Он сан ноғай бүлген күн; Жез қарғылы құба арлан Жетіп түлкі ала алмай, Жалған аңын ала алмай, Қорашыл төбет болған күн; Оң қанатын теріс соғып, Лашын құс қу ала алмай қалған күн... Дәуірлес қос жыраудың бірі Еділдің қайырлы қоныс ретіндегі қадірін, енді бірі Орманбет бидің қалың елдің тұтастығына сызат түсіруге жол бермеген қасиетін өмірлік реалиялардан асыра, романтикалық мәнерде бейнелесе, оның сыры ата жұрт – Еділ мен қабырғалы елді әділ төрелігіне ұйытқан Орманбет биді халықтың қастер тұта бағалауында жатыр. Ата жұрттан да, аталы сөз иесінен де айырылып, көңіліне алаң қонақтаған ел дербес хандық құрып, өз тізгінін өз қолына алған тұста көңіліне сенім ұялап, рухы асқақтай, мінезі айбындана танылады.

Міне, ел көңіліндегі дәл осы ахуал жыраулар поэзиясынан айқын көрініс тапқан. Қазақ хандығының алғашқы дәуіріндегі жыраулардың жыр-толғауларында өр рух, асқақ сезімнің көл-көсір шалқып-тасып жатуының сыры – сонда. Демек, қазақ жырауларының поэзиясындағы романтика – көркемдік әдіс қана емес, сол дәуірдегі қазақ баласының қай- қайсына да тән болған асқақ рухтың көрінісі, қазақ баласының ішкі болмысындағы алуан-алуан сезім күйлерінің бейнеленуі, яғни жаңа мұраттар мен ұлы мақсаттарға ұмтылған елдің тұтастай өмірінде жетекші мән иеленген халықтық романтиканың поэзия тілімен сөйлеуі. Бұл тұрғы-

дан келгенде, жыраулар поэзиясы – қазақ баласының болмысына ежелден етене өр мінездің айнасы. Ал, жүрегінде ұлы армандар атойлаған елдің баласы – ер, мінезі өр келетіні мәлім. Ұлы армандар жолында ол өлімнен де сескенбейді. Асқақ рухты елдің баласы ажалдың өзін тандайды. Оның: «...Оқ қылқандай шаншылса, Қан жусандай егілсе, Акқан судай төгілсе, Бетегелі Сарыарқаның бойында Соғысып өлген өкінбес!» (Доспамбет жырау) – деп тілек етуі де сондықтан. Дербес хандық құрып, мерейі тасыған елдің көңіл ауанына тән болған осы іспетті романтикалық өрлік XV-XVI ғасырларда жасаған жыраулар поэзиясында басымдық иеленсе, содан кейінгі дәуірлерде жыр туындатқан жырауларда реалистік бояу маңыз ала бастайды.

Мәселен, XVII ғасырдағы жыраулар поэзиясының өзінде алдыңғы дәуірлерде жасаған жыраулар поэзиясына тән болған романтикалық бояу азая береді. Оның есесіне, өмірлік шындықты тануға мүмкіндік беретін суреттер мен бейнелеу тәсілдері бел ала түседі. Мәселен, Жиәмбет жырау шығармаларынан оның өз өмірінің көріністерін танысақ, Марғасқа жырау сөзінен Есім хан мен Тұрсын ханға байланысты оқиғаларды, сол оқиғаларға себеп болған жағдайларды, соңғы шешімін аңдай аламыз. Аталмыш жыраулардың туындыларынан осы іспетті жәйттердің анық танылуының сыры олардың шығармашылығында реалистік әдістің жетекші орын алуына қатысты. Алғашында романтикалық әдіспен тоғыса көрінген реализм XVIII ғасырдағы жыраулар үшін негізгі көркемдік әдіске айналды. Бұл тұста тіпті дидактикалық жыр-толғ аулардың өзінде реалистік бейнелер маңызды роль иеленді. Мысалға жүгіне-лік: «Жақын жерден шөп жесе, Жердің сәнін кетіреді. Ағайынның аразы Елдің сәнін кетіреді. Абысынның аразы Ауыл сәнін кетіреді» (Бұқар жырау).

Appreciation of the materials for the course described:

1. Woodward, Tessa. Planning Lessons and Courses. Designing sequences of work for the language classroom Cambridge University press, 2009.
2. Gower, Roger, Phillips, Diane and Walters, Steve. Teaching Practice. A handbook for teachers in training. Macmillan, 2005. – 215 pages.

3. Ollington Gerald F. Teachers & teaching : strategies, innovations and problem solving. Nova Science Publishers, New York, 2008.
4. Thornbury Scott and Slade Diana. Conversation: from description to pedagogy Cambridge University press, 2007.
5. Miller, Debbie. Teaching with intention : defining beliefs, aligning practice, taking action Stenhouse Publishers, 2008.
6. Nunan, David. Designing tasks for the communicative classroom. Cambridge University press, 2001.
7. Brown H.D. Principles of Language Learning and Teaching. 4th edition. Longman, NY, 2000, 352 pages.
8. Harmer J. How to Teach English. Longman, 2007.
9. Larsen-Freeman D. Techniques and Principles in Language Teaching. Oxford University Press, 1986.

References

- 1 Homonenko A., Delphi 7. – Univ.: BHV-Petersburg, 2003. – 1216 p.
- 2 Bazhenova IJ, Delphi 7. Teach programmista. – Univ.: Kudits-image, 2003. – 448 p.
- 3 Galiseev G. Programming in Delphi 7: Teach. – Univ.: Williams, 2003. – 288 p.

УДК 37.04

БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУҒА БЕЙІМДЕЛУДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖОЛДАРЫ

Абдуалиева Н.,

ҚМПИ педагогика және психология
мамандығының 4 курс студенті
Қостанай к., Қазақстан Республикасы
Утегенова Б.М.,
п.ғ.к., доцент ҚМПИ

Аннотация

Баспаға ұсынылған мақалада бірінші курс студенттеріне жоғары оқу орнына бейімделуде педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету мәселелері қарастырылған. Қолдаудың жалпы сипаты ашылған. Оқу орнына бейімделудің факторлары бойынша зерттеу жұмысының мәліметтерін көрсетілген. Мақала авторлары осы факторлардың жағымды және жағымсыз негіздерін зерттеп, атап көрсеткен. Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына келіп оқуда психологиялық және әлеуметтік жағынан көретін қиыншылықтарын, олардың себеп-салдарын талдап, педагогикалық қолдаудың ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерін сипаттаған. Мақалада студенттер кәсіби оқу орнының талаптарына бірден үйрене алмайтындығы сипатталған. Үйлесімді жолдармен бейімделу шарттары қарастырылған. Педагогикалық қолдау талаптарына авторлар оқу бағдарламасын жеке даму траекториясына байланысты жүзеге асыру жолдарын айқындап көрсеткен.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы психолого-педагогической поддержки студентов первого курса в период их адаптации к обучению в педвузе. В статье уточнены понятия психологической и педагогической поддержки, основные условия использования поддержки для успешной адаптации студентов-первокурсников, приведены некоторые методики по исследованию проблемы адаптации студентов. В статье рассмотрены возможности учета индивидуально-психологических особенностей студентов первого курса при их адаптации к условиям высшего учебного заведения. В работе также даны характеристики ключевым понятиям адаптации студентов первого курса к получению профессионального образования с позиций психологической, педагогической и социальной поддержки. Так, к социальной позиции в поддержке студента первого курса отнесены следующие: приобретение иного статуса – студента, относительная свобода в выборе траектории обучения, расширение коммуникации и группового взаимодействия, нейтральная позиция преподавателей по отношению к студентам, образовательная среда и комфортность психологической атмосферы для успешной адаптации.

Abstract

The article is devoted to the problems of psycho-pedagogical support of freshmen in the period of their adaptation to training in teacher training University. In the article there are specified the notions of psychological and pedagogical support, basic conditions of using support for successful adaptation of freshmen, there are also given methods on research of problems of students' adaptation. The article deals with capabilities of taking into account individual psychological characteristics of freshmen in adaption to conditions of higher education institution. In the work there are also shown the characteristics of key concepts of freshmen

adaptation to receiving professional education from the position of psychological, pedagogical and social support. Thus, the following notions are referred to the social position in freshmen support: obtaining a different status – a student status, relative freedom in choosing training trajectory, extension of communication and group interaction, a neutral position of teachers with respect to students, the educational environment and the comfort of psychological atmosphere for successful adaptation.

Түйінді сөздер: Педагогикалық-психологиялық қолдау, бейімделу, қолдаудың психологиялық шарттары, қолдау қағидалары, әлеуметтік бейімделу шарттары, мәселені зерттеу тәсілдері.

Ключевые слова: Психологическая и педагогическая поддержка, адаптация, условия и принципы поддержки студентов первого курса, методики по выявлению уровня адаптации студентов.

Key words: Psychological and pedagogical support, adaptation, conditions and principles of freshmen support, methods on identification of the level of freshmen adaptation.

Білім арудың бағыт-бағдары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында, Білім берудің 2011-2020 жылдарға даму Мемлекеттік бағдарламасында және басқа да мемлекеттік құжаттарға негізделген.

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын, осыған орай білім жүйесін реформалаудың нәтижелерінің бірі жаңа сатыдағы педагогтың өмірге келуі тиіс екенін айырықша атап өтті [1].

Педагогикалық қолдау –білім алушымен бірлесіп оның қызығушылықтарын, мақсаттарын, мүмкіндіктерін және оған адамгершілік қасиетті сақтауға, өзін - өзі ұйымдастыруда позитивті нәтиже қол жеткізуге кедергі жасайтын мәселелерді жеңу жолдарын анықтау.

Психологиялық қолдау ұғымы ғылымдағы жаңа түсінік болғандықтан «қолдау» сөзінің жалпыға бірдей мойындалған, психологиялық мәніне негізделген мағынасын нақтылау сипатын беруіміз қажет.

И.Б.Котова мен Е.Н.Шиянованың идеялары да осыған тектес. Олар педагогикалық және психологиялық қолдаудың мәніне баса назар аударады. Авторлардың ойынша, оның мәні адамның өзегін – тұлғасын қозғайтын күрделу өңделуде. Дамыған тұлға қолдауға, түсіністікке, қабылдауға, тәрбиенің ерекше амалдары мен әдіс-тәсілдеріне, өзін-өзі дамытудың механизмдері мен және тәсілдерімен қаруландырылуға мұқтаж болады. Адам барлық сыртқы ықпалдарды жинақтап, өзбетінше сапалы жаңа ойлармен мақсаттарды құрастырып, сыртқы стимулдармен емес, ішкі қозу арқылы әрекет ете бастайтын жағдайда психологиялық қолдау үдерісі өзін-өзі дамыту актілерімен нәтижеленеді [3,18].

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұнын талдаудың нәтижесінде бірқатар жорамалдарға арқау еткен модельді құруға негіз болған болжамды құрастыруға мүмкіндік алдық.

Психологиялық қолдаудың маңызды қағидалары:

- полисубъектілік, ынтымақтастық, қолдау қағидасы;
- тұлғалық бағдарлану қағидасы;
- психологиялық қолдауға мұқтаж субъектінің тұлғасын шартсыз қабылдау қағидасы;
- құпиялылық қағидасы;
- жеке тұлғаның тұтастай өмірлік кеңістігінде құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау қағидасы.

Қолдау тиімділігінің негізгі шарттары:

- адамға көмек пен қолдауға келісім беруі;

- адамның жеке қиындықтарын өз бетінше шешуіне мүмкіндік беру;
- адамдармен мейірімді болу;
- оның тұлғасын бағалаусыз қабылдау;
- тұлғаның толыққанды дамуына оңтайлы жағдайды қалыптастыруға бағыттылық;
- ұжымда (отбасында, басқа ортада) жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру;
- адамдармен эмоциялы жайлылықты қамтамасыз ету.

Педагогикалық институтында 1курс студенттері келесі қиындықтармен бетпе-бет келіп, қолдауды қажет етеді:

- оқу үрдісіндегі жүктеменің ұлғаюы;
- жаңа оқу бағдарламасын түсінудегі қиындықтар;
- оқу мекемесіндегі құрбы- құрдастары арасындағы қиындықтар;
- оқытушылармен тіл табысуындағы қиындықтар.

Ал педагогикалық қолдау – бұл тұлғаның өз бойындағы мүмкіндіктерін өзінше іске асыруына шарт-жағдайлар түзу; өз қадір-қасиеті мен ар-намысын сақтап қалуға және ұтымды нәтижеге жету жолындағы кедергілерді бірлікті жеңіп бару; «жәрдем бер» деп алақанын ашық жайып отырғанға ғана емес, достық ықылас-ниетке мұқтаж болғанның бәріне көмек көрсету; педагогтардың кәсіби деңгейінің жоғары болуы.

Педагогикалық қолдаудың көрініс формалары – жылы лебіз, құлақ сала білу, қажет болса – кеңес беру, сенім, құқығын қорғау.

Педагогикалық қолдау:

- интеллектуалдық дарындылықты (оқуға, талдауға, сынға қабілеттілік);
- шығармашылық дарындылықты;
- қабілетті айқындау мен дамытудан.

1 курс студенттерімен тығыз байланыс орнатып, білім беру жүйесіне бейімделу процесінде педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету –оқу орнының міндеті болады. Заманауи негіздерінде бейімделу үрдісі – әлеуметтік қоғам мен тұлға арасындағы қарым-қатынас орнатудың нәтижесі.

А.А.Налчаджян мен Ж.Г.Сенокосованың айтуынша, бейімделу негізі- объект пен субъектіңарасындағы үйреншікті оқиғалар немесе орын алмастыру болса, тұлға көптеген уақыт бойы қалыпқа келе алмай, бейімделушілігі созылмалы түрде болады [4, 218].

Жалпы бейімделу (ағыл. adaptation, орыс. адаптация) дегеніміз– алғашында биологияда пайда болған термин, құрал мағынасын беріп, қоршаған орта мен ағза арасындағы байланысты зерттеу кезінде қалыптасты.

К.Е. Бекмаханованың пайымдауынша, бейімделу – жеке тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы белгілі қарым-қатынас үдерісі және нәтижесі [2, 19].

1 –ші курс студенттеріне жаңа тобына, институттың саяси – мәдени өміріне және білім берудегі оқытушыларға үйрену және бейімделу қалыпты жағдай.

Бірінші курс студенттерін қолдау мәселелерін қарастыра отырып, кәсіби білім алудағы бейімділіктің 3 факторы анықталды:

1.Әлеуметтік факторға студенттің жасы мен оның әлеуметтік ортасын және білім алған мекеменің түрін жатқызамыз. Педагогикалық институтының 1 курс студенттері 17-18 жас шамасында 92%- ды құрайды, олардың 45-54%-ы ауылдардың келген студенттерді құрайды.

2.Психологиялық факторда индивидтік- психологиялық, әлеуметтік- психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Әлеуметтік- психологиялық ерекшеліктерге: зияткерлік, бағдарлық, тұлғалық бейімделу потенциалы, топтағы мәртебесі жатады.

3. Педагогикалық факторға оқытушылардың педагогикалық шеберлігі, педагогикалық ортаның ұйымдастырылуы, материалды- техникалық базасы жатады.

Жалпы алғанда, 1курс студенттеріне қатысты фактор- әлеумет, демек оны қоршайтын адамдар. Яғни, бұл студенттің кішігірім қарым-қатынаста болатын тобы.

1курс студенттерін қолдау жолында келесі нұсқаулар белгіленеді:

- барлық пәндер бойынша түсініктерді қалыптастыру;
- оқу үрдісіндегі және зерттеу ісіндегі дағдыларды қалыптастыру;
- оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- болашақ мамандыққа деген қызығушылығын қалыптастыру.

Сонымен қатар, 1-ші курс студенттерінің білім алуындағы бейімделуінің негізі- студенттің танымдылығы, өмірге деген жоспары, таңдаған мамандығына сенімділік болып табылады.

Бірінші курс білімалушыларының оқу орнына бейімделу үрдісіне орай жүргізілген көптеген зерттеулер келесідей негізгі қиындықтарға жіктеледі екен:

- 1) кешегі мектептің ұжымындағы оқушылардың оның өзара көмегі мен моральдік қалауының кетуімен байланысты жағымсыз күйзелістер;
- 2) кәсіпті таңдаудағы мотивацияның белгісіздігі, оған жеткіліксіз психологиялық даярлық;
- 3) мінез-құлық пен іс-әрекетті психологиялық өзіндік реттей алмаушылық, оның күнделікті бақылауға алынуын педагогтардың талап етуі;
- 4) жаңа жағдайда еңбек пен демалыстың оптималды тәртібін қарастырып іздеу жұмыс пен өзіндік қызметті реттеу, әсіресе үй жағдайынан жатақханаға ауысу кезінде;
- 5) соңғысы өзіндік жұмысқа дағдының болмауы, конспект жасай алмау, алғашқы еңбек көздерімен, сөздіктермен, анықтама сілтемелермен жұмыс жасай алмаушылық;
- 6) оқу орнында қалыптасқан ішкі тәртіп ережесіне қайшы әрекеттерді жасау, ішкі тәртіпке көнбеушілік немесе үйренбеушілік.

Барлық осы қиыншылықтар өзінің шығуына байланысты әр түрлі. Оның кейбіреулері объективті құрыла алмайтын, енді біреулері субъективті сипатта және де әлсіз даярлықпен, мектеп және жанұя тәрбиесіндегі ақаулармен байланысты.

Білім алушылардың жас кезеңдерінде төмендегідей жаңа жасалулар, мүмкіндіктер анық байқалады:

- ақыл-ой, адамгершілік қатынастағы зерделілік (ересектік);
- наным-сенім, дүниеге көзқарасы;
- өзбеттілік - турашылдық;
- сыншылдық және өзіне сыншылдық;
- ішкі сенімсіздікті тудыратын өзіндік бағасының қайшылығы;
- максимализм, үлкендердің ойына жағымсыз қатынас;
- екі жүзділік, қалжың, дөрекілік, айқаймен әсер етуге талпыныс;
- интеллектуалдық танымдық дамудың жоғарғы шегі.

Тәжірибе бойынша осы бағытта тиімді қадам әр студент бойынша мәнді ақпарат жинау болып табылады. Жинаудың ең еркін-табиғи әдісі сеніп тапсырылған әдісі ұжыммен бірінші танысудан кейін жазбаша сауалнама болып табылады.

1-ші курс оқушыларының жаңа буынға бейімделулерін, қалыптасу деңгейін анықтап, оқушылардың жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалып, көмек көрсетілді.

Филлипс тесті алынып қорытындысы шығарылды. “Кел, танысайық!”, “Жоғары оқу орнында оқу дегеніміз не?”, “Біз және біздің дағдымыз”, “Біз және біздің кемшіліктеріміз бен жетістіктеріміз”, “Біз және біздің топ” атты тренингтер, сауалнамалар жүргізуге болады.

1-ші курс білімалушырымен танымдық интеллектуалдық және логикалық қабілеттерін анықтау мақсатында В. Серебряковтың «Интеллектуалдық» тестін алуға болады. Мінез-құлықтағы жағымды қасиетті қалыптастыру, дамыту, өзара әрекеттестікті жетілдіру, ұйымшылдыққа баулу мақсатында Эмоция”, ойындары және “Темперамент тестін” алуға болады.

Кез - келген студенттің белгілі бір ортаға және іс-әрекетке бейімделу өздігінен құрыла алмайды. Сондықтан адамның жеке басын қалыптастыруда оқу ортасындағы ұжымын қалыптастыру жолдарының тиімдісін таңдап алған жөн.

Студенттің бейімделуі - тәртібі мен жеке қасиеттерінің белгілі бір деңгейде өзгеруінен туындайтын қиын құбылыс. Жас жеткіншек мектептен басқа оқу ортасына түсіп, жаңа оқу

орны, жаңа орта, жаңа тәртіпке тиімді түрде бірден бейімделе алмайды. Тіпті кейбір студенттерде бұл үрдіс қиыншылықпен аяқталады, ол жыл басында оқу сабақтарына кіріспей немесе 1 семестрін аяқтамай институттан кетіп те қалады. Көбіне мұның артында адамның бейімделуі жүйесінің жеткіліксіздігі тұрады.

Дәстүрлі бейімделу жоспарында бірінші курс студенттерінің бейімделуі көбіне студент қызметінің негізгі бағыттарында көрінетін үш аспектіден тұрады:

- оқу үрдісінің шарттарына бейімделу
- сабақтың өткізілуінің жаңа формасына өтуі;
- бақылау және білімді меңгеруге өтуі;
- мектептегі 45 минуттық сабақтан дәріс пен семинардың 50 минуттыққа өтуі;
- өз бетінше өмір сүруі және т.б. топқа бейімделу
- топқа ену;
- топтағы ережелерін меңгеру;
- институт дәстүрлеріне үйрену.
- болашақ мамандыққа бейімделу
- кәсіби білімді меңгеру;
- іскерлікпен дағдыны қалыптастыру және т.б.

Бейімделу үрдісімен педагогикалық қолдау келесілерді айқындайды:

•студенттерді бейімделу үрдісінің қиыншылықтары туралы ақпараттандыру және оларды жеңу тәсілдері;

•студенттерде тиімді бейімделу жолдарын қалыптастыру, тәртібін қайта қалыптастыру, жаңа оқу орнының талаптарына сай қалыптастыру

• өзін тәрбиелеуді ұйымдастыру көзінде студенттерге көмек.

Бейімделу үрдісіндегі әсер етуші басқару формасының бірі – топ жетекшісі болып табылады. Бірінші курс студенттерінің жаңа ортаға бейімделуі, іскер және жеке байланыстың орнауының сәтті аяқталуы көбіне топ жетекшісіне байланысты. Топ жетекшісінің жетістігі көбіне өз жұмысын нақты бағытқа қоюмен байланысты, бағытының негізгі формасы және тәрбиелеу әдісі, оқу орнына бірінші курс студенттерінің бейімделу үрдісінің басқарудағы тиімділігінде.

Сондықтан студентке бейімделу барысында оқытушы тарапынан қажет көмекті оқытушы жеке ерекшеліктер мен мүмкіндіктермен меңгерту керек.

Жалпыға таныс, топ студенттерінің бейімделуін топтық жұмыс арқылы жүзеге асыруға болады. Бірінші жылдың өзінде топтағы достық қарым- қатынас тез бейімделуге көмек береді. Сондықтан ең алдымен топтың климатын меңгеру қажет.

Студенттердің кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу- тәрбие үдерісіне бейімделуінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету өте маңызды. Жаңадан қабылданған студентке педагог тарапынан көмек көрсету керек.

Сондықтан, бірінші курс студенттері ерекше бақылауды болуы қажет.

Әдебиет тізімі

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму (2015 жылы) атты Жолдауы. – www.e.gov.kz. сайты.
2. Бекмаханова К.Е. Проблема психологической адаптации студентов. –Алма-Ата, 1983. –23 с.
3. Котова И.Б., Шиянова Е.Н. Развитие личности в обучении. //Учебное пособие для студентов педагогических вузов. – М.: Изд. центр «Академия», 2009. – 288 с.
4. Налчаджян А.А., Сенокосова Ж.Г. Социально-психологическая адаптация: содержание, типы, механизмы. – М.: Академия, 2012. – 123 с.

УДК81'367

Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ «ҰЛПАН» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СТИЛДІК ҚЫЗМЕТІ

Бекенова А.К.,

А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ,
гуманитарлық – әлеуметтік
факультеті, тіл және әдебиет
теориясы кафедрасының магистранты
Қостанай қаласы, Қ Р.

Аннотация

Ғылыми мақала жазушы Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» шығармасы тіліндегі фразеологизмдердің стилдік қызметін анықтауға арналған. Жазушы қолданысындағы фразеологизмдерге талдау жүргізіліп, І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» пайдалана отырып, мағыналары ашылды. Лексиколог Гүлдархан Смағұлованың зерттеуіне сүйене отырып фразеологизмдерді топтарға бөліп қарастырылды. Мақалада қазақстандық ғалымдардың зерттеу нәтижелері ғана емес, сондай-ақ шетелдік фразеологтар Ш. Балли В. В. Виноградов сияқты көрініс тапты.

Ғ. Мүсірепов бейнесі тұрақты тіркестерде өз ойын көзқарасы мен дүниетанымын, жағдайларды көркем түрде суреттеуде, шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк беру мақсатында қолданған. Жазушы фразеологизмдерді көркем суреттеудің бір құралы ретінде ұтымды, айшықты түрде пайдаланған. Тілді байыту, көркемдеу тәсілі жалғасы тауып отырғандығы Ғ. Мүсірепов шығармасы тұрақты тіркестер қолданысынан аңғаруға болады.

Жазушы Ғ. Мүсірепов өз шығармаларында халық тілінің бай қазынасын, көркем сөздің әр алуан өрнегін шебер қолдана білген.

Аннотация

В научной статье рассматриваются стилистические особенности использования фразеологизмов в произведении Г. Мусирепова «Улпан». С помощью словаря И.Кенесбаева раскрывается смысл фразеологизмов использованных в произведении писателя. Опираясь на исследования ученого лексиколога Гүлдархан Смағұлову классифицированы фразеологизмы на группы. В статье нашли отражение результаты исследований не только казахстанских ученых, а также зарубежных фразеологов, таких как Ш.Балли, В.В. Виноградов.

В статье мы можем увидеть как Г.Мусирепов мастерски обращается к фразеологическому богатству родного языка, как к неисчерпаемому источнику речевой экспрессии.

Abstract

In this article is considered the stylistic peculiarities of using of phraseologisms

G. Musirepov's composition «Ulpan». With the help of I. Kenesbayev's dictionary there are revealed the sense of the phraseologisms, used in the author's composition. Referring to the studies of the scientific lexicologist Guldarkhan Smağulova the phraseologisms are classified into groups. In the article there are the results of studies not only of Kazakhstani scientists but foreign phraseologists, such as Sh. Bally and V.V. Vinogradov.

In the article we can see as G. Musirepov skillfully refer to the phraseologic riches of native language as to an inexhaustible source of speech expression.

Түйінді сөздер: фразеологизмдер, термин, сөз, сөздік, соматизм, фразеологиялық оралымдар, зерттеуші- ғалым, әдістер.

Ключевые слова: фразеологизмы, термин, слово, словарь, соматизм, фразеологические обороты, ученый- исследователь, методы.

Key words: phraseological units, term, word, dictionary, somatism, phraseological turns, scientist, are a researcher, methods.

1. Кіріспе.

Зерттеуші-ғалым Р.Авакова «Фразеология теориясы» атты монографиялық еңбегінде: «Фразеология – құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде конструкцияланбай, даяр қалпын сақтай отырып қолданылатын, мағына тұтастығы мен тіркес тиянақтылығы тән бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі күйін және тарихи қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы» – деген болатын.

Фразеологияның зерттейтін пәні – фразеологиялық оралымдар. Оларды фразеологизмдер, фразеологиялық бірліктер немесе фраземалар деп атайды.

Фразеологияның жалпы лингвистика саласы ретіндегі тарихы ұзаққа бармайды. Тіл білімінің жаңа бағытын таңбалайтын «фразеология» термині жеке лингвистикалық пәні ретінде XX ғасырдың 40-жылдары дүниеге келді. Фразеологияның алғашқы теориялық негізі және осы мәселе жөніндегі идеяны дамытушы Ш.Балли болса, оның Ресей топырағындағы дамуы мен жаңа, жеке лингвистикалық сала ретінде қалыптасып дүниеге келуі академик В.В. Виноградов есімімен тығыз байланысты.

Қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып XX ғасырдың қыркыншы жылдары профессор С.Аманжолов идиомалық тіркестер мен фразеологизмдерді зерттеуді қолға алу керектігін атап өтіп, олардың ғылыми бағыттарын көрсеткен. Тұрақты тіркестерді «идиомалық форманы екіге бөлуге болады: 1) образды бернелі құрама идиомалық тіркес; 2) бернесіз құрама (фразеологиялық тіркес)».

Түріктанудағы фразеология туралы зерттеулер XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап кең ауқымда зерттеле бастады. Тілдің байлығын көрсететін бір тілді және екі тілді сөздіктер жарық көрді. Лексикографиялық еңбектердің басылып, жарық көруі түркі тілдеріндегі фразеологиялық қорды жинастыруға, оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеуге орасан зор септігін тигізеді. Алайда 1970 жылдарға дейін жарық көрген фразеологиялық сөздіктерде түркі тілдерінің фразеологиялық қоры жан-жақты жинақтырылды деп айта алмаймыз.

Қазақ фразеологизмдерін теориялық тұрғыдан зерттеу мен арнайы лексикографиялық еңбектертерді басып шығару атақты ғалым І.Кеңесбаев еңбектерінен бастау алады. Түркі тілдес халықтардың ішінде алғашқы фундаменталды еңбекті академик І.Кеңесбаев 1977 жылы басып шығарды (Авакова, 14 бет).

Зерттеуші-ғалым С.И. Жапақов өзінің «Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері» атты кандидаттық диссертациясында:

Академик І.Кеңесбаев фольклорлық фразеологизмдердің корпусына Алдар көсе, Шықбермес Шығайбай, Қозы Көрпеш Баяндай, Қыз Жібек пен Төлегендей т.б антропонимдік атауларды кіргізеді. Бұлар негізінен қазақ халқының тұрмыс-салтымен байланысты» (Игілікұлы, 9бет).

Зерттеуші-ғалым Жанар Қоңыратбаева «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер» атты еңбегінде: Профессор Р.Сыздықова Абай тілінің көркемдік бітімін лингвистилистикалық тұрғыдан сөз еткен «Абайдың сөз өрнегі» деген еңбегінде Абайдың фразеология саласындағы сөз құбылту тәсілдерін, жаңалықтарын талдайды. «Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол – жеке қаламгердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлап, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған мағыналық дүниеліліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде

оның фразеологизмдерін тауып тану ерекше орын алады»-деп ғалым өз зерттеуінің өзекті бөлігін фразеологизмге арнайды [Қоныратбаева,5 б.].

Кейінгі жылдары фразеологизмдердің әр түрлі мәселелері жөнінде С.К.Сатенованың (Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты, 1997), Г.Н.Смағұлованың (Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері, 1998), Р.Авакованың (Фразеологиялық семантика, 2002), Г.Сағидолдақызының («Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны», 2003) ғылыми зерттеулері жарыққа шықты (Салқынбай, 155 б.).

Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер. Фразеологияда бұл тақырып арнайы зерттеу объектісі болып С.Төлекованың еңбегінде қарастырылған. Зерттеушінің пікірінше, алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер – өзінің табиғатына қарағанда халықтың әр кездегі тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде жасалған ғасырлар бойында атадан балаға ауысып отырған элементтер. XX ғасырдың басындағы қазақ прозасында алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер адамның, яғни кейіпкердің айнала қоршаған ортаға өзінің әр түрлі көзқарасын: ізгілік қарым-қатынасын, әлеуметтік теңсіздікке наразылығын білдіру үшін қолданылған (Қоныратбаева, 43 б.).

2. Материалдар мен нәтижелер.

Жұмыстың негізгі материалы ретінде жазушы Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан», Ғ.Қалиев,

Ә. Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», Р.Авакова «Фразеология теориясы» еңбектері алынды. Сонымен қатар фразеологизмдерге қатысты филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялардың авторефераттар пайдаланылды. Жұмыста жинақтау әдісі, саралау әдістері қолданылды.

3. Талқылау және нәтижелер.

Лексиколог- ғалым Гүлдархан Смағұлова бірнеше авторлардың пікірлерін сараптап, саралай келе қазақ фразеологизмдерінің келесі стильдік қабаттарға бөледі:

- 1.Кітаби фразеологизмдер
- 2.Бейтарап фразеологизмдер
- 3.Ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер
- 4.Дөрекі-қарайым фразеологизмдер (Смағұлова,155 б.).

Жазушы Ғабит Мүсірептің «Ұлпан» шығармасындағы фразеологизмдерді ғалым Г.Смағұлованың бөлуі бойынша топтастырсақ:

Кітаби фразеологизмдер – негізінен жазба тілде нормаланған әдеби тілде публистикалық және ғылыми шығармалар тілінде көркем әдебиет тілінде қолданылады. Сонымен қатар, ғалымдардың, жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің, интелегенцияның, жалпы оқыған адамдардың тілінде қолданылады.

1. Бағың ашылар, қарағым. Теңіңе кездесерсің әлі, жылама... («Ұлпан»,44бет).

Бағы ашылды – маңдайы ашылды, ырысы тасыды. (Қ.Т.Ф.С.51бет)

Бұл сөйлемде кітаби фразеологизмнің үлгісі берілген, маңдайы ашылады, ырысы тасыды деген мағынаны білдіреді.

2. Ұлпанның өз аулы да шыр бітпеген кедей болатын («Ұлпан»,75бет). **Шыр бітпеген** – маңдайынан үрерге иті жоқ, тақыр кедей болды. (Қ.Т.Ф.С.317бет).

Бұл фразеологизм сөйлемде кедей, жағдайлары нашар деген мағынада қолданылып тұр.

3. Мен бұл әйелді алты дуанға атағы жайылған ханыша бар еді ғой, сондай өркөкірек, ойына келгеннің бәрі де бойыма жараса береді деп ойлайтын ала құйын тұрғысында көретін шығармын деп қауіптеніп келіп едім («Ұлпан»,179 бет).

Ала құйын – 1. Ұйытқып соққан боран.

2.Жеңілтек мінезді, ұшып қонған адам туралы айтылады (Қ.Т.Ф.С.21бет).

Бұл сөйлемде фразеологизмнің екінші мағынасы қолданылған.

Бұл шығармада кітаби фразеологиздердің қолданылуы шығарма тілін одан әрі көркейтін, ерекшелендіріп тұр.

Ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер – сөйлеу тілінде емін-еркін қолданып, сөйлеу тілінің диалог формасында көркем әдебиетте еркін қолданылады.

1. Қара нанға құл болып,

Ханына тіл тигізген («Ұлпан», 14бет).

Тіл тигізген – балағаттады (Қ.Т.Ф.С 294бет).

2. Сонда он жастағы болса Тілеміс **міз бақпай** сілейіп тұрып қалған («Ұлпан», 27 бет).

Міз бақпай – бүлк еткен жоқ, бәдірейді де қалды, шыдап бақты (Қ.Т.Ф.С 221 бет).

3. Арғын Жазы би Орынбор, Сібір губерналарының шекарасын салысқан, Кенесары қозғалысына **қаны қас** адам («Ұлпан», 21бет).

Қаны қас – қарсы, өшпес, жау (Қ.Т.Ф.С 176 бет).

4. Мүсіреп енді абайласа, Садақ осы араға жеткенше елу қадамдай **жер бауырлапты** («Ұлпан», 50бет).

Жер бауырлапты – жата қалып жылады, қатты қайғырды, уайымдады (Қ.Т.Ф.С 111бет).

Бұл фразеологизмдер күнделікті тұрмыста қолданылып, шығарма тіліне қарапайымдылық көрініс береді. Бұл фразеологизмдерді қолдану арқылы автор кейіпкердің мінез – қалпын ұтымды көрсету үшін пайдаланған.

Шығармадағы қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер :

1. Кәрі Каспий қара көзін ашты,

Терекке **жылы жүзбен** амандасты («Ұлпан», 72 бет).

Жылы жүз – жайдарлы, мінезі жайлы (Қ.Т.Ф.С 123бет).

2. **Өр көкірек** адам басқаларда жоқ ірі мінез көрсетті («Ұлпан», 31бет).

Өр көкірек – асқақ, бір бет, тәкаппар, намысы зор (Қ.Т.Ф.С 241 бет).

Бұл фразеологизмдер арқылы автор адамның мінез қасиеттерін ұтымды көрсеткен.

3. **Дүние есігін ашып** келгендей, ұлы да мардамсып пысылдап ұйықтап жатыр («Ұлпан», 167бет).

Дүние есігін ашып – өмірге келді, тіршілік әлеміне енді (Қ.Т.Ф.С 85 бет).

Бұл сөйлемде автор фразеологизмді теңеу ретінде қолданып тұр.

4. – Есеней-ау, - деді Ұлпан тұра беріп, - Есеней-ау, неше күннен бері мен осы үйдің **отынымен кіріп, күлімен шығып**, қара жұмысында жүрмін ғой! («Ұлпан», 168бет).

Отынымен кіріп, күлімен шығып – бар үй бейнетін, бейнетін арқалады, барлық ауыр салмақты өзі көтерді (Қ.Т.Ф.С 93бет).

Бұл фразеологизм әйел не келіншекке қатысты айтылады, барлық туыс-бауырларының көңілін тауып, барлық үй шаруашылығына байланысты жұмыстарды атқарады деген мағынаны білдіреді.

5. Мұның өзі **тоң мойын** қара қазақтың хан тұқымын елемей бастағанының бір қыры емес пе екен? («Ұлпан», 158бет).

Тоң мойын – Ырыққа көнбес, томырық мінезді кісі туралы (Қ.Т.Ф.С 278бет).

Адам бойындағы мінез-құлықты бейнелеуге қолданылатын фразеологизм.

Шығармадағы соматикалық атаулар кездесетін фразеологизмдер:

Соматизмдер дегеніміз - адамның дене мүшелерінің атауы. Мысалы: Жүрек - жүрегі ауызына тығылу, жүрегі тас төбесіне шығу, жүрегін қан жуу, жүрегі шайлығы, т.б.4

-Көз-

1.Тек оларға да **көз қырын сала** жүріңдер... («Ұлпан», 123бет).

Көз қырын салды – көзінің ұшымен қарады, қарап қойды (Қ.Т.Ф.С 143бет).

2.Есенейдің **көз айырмай** қарайтыны білетін («Ұлпан», 62бет).

Көз айырмады – қадалып көп қарады (Қ.Т.Ф.С 140бет).

- Бас -

1. Осы кісі **бас болып** келіп, екі жеті өтті, сары аланың тұқымын түгел айдап әкетті («Ұлпан»,15бет).

Бас болды – Алдыңғы ,бірінші қатарда жүрді (Қ.Т.Ф.С 55бет).

2. Ауылды **басына көтеріп** бақырып қалды («Ұлпан»,96бет).

Басына көтерді –Айналаны жаңғырықтырып ,айқай салды, даурықты,азан-қазан болып шулады (Қ.Т.Ф.С 58бет).

4. Қорытынды.

Қорытындылай келе, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасынан фразеологизмдердің қолдану ерекшеліктері қарастырылды. Белгілі фразеолог – ғалым Гүлдархан Смағұлованың фразеологизмдерді стильдік қабаттарға дәрежелеуіне байланысты шығармадағы фразеологизмдер 4 топқа бөлінді. Сонымен бірге көмек ретінде Ісмет Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі » арқылы мағынасы ашылды. Шығарманы талдау барысында барлығы 125 фразеологизм табылып, оның 30 фразеологизм талдауға түсіп, олар 4 топқа бөлінді; олардың ішінен кітаби фразеологизмдер 3, қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер 5, соматикалық атаулар кездесетін фразеологизмдер 18, ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер 4 және осы фразеологизмдердің мағынасы ашылып, мысалдар келтірілді. Жазушы шығармада көбіне соматикалық атаулар кездесетін фразеологизмдерді қолданған.

Әдебиет тізімі

Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, «Сөздік – Словарь» баспасы – 2006 жыл, 62 бет

Авакова Р. «Фразеология теориясы» - Алматы: «Қазақ университеті» 2009ж.- 290бет.

Игілікұлы Ж.С.Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. – Автореферат. – Алматы: 2003ж – 28бет.

Қоңыратбаева Ж. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. – Алматы «Арыс»,2005ж.- 166бет.

Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектісі (2 басылым) Елтаным баспасы. –Алматы:2010ж. – 240бет.

Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 340 бет.

КеңесбаевІ.Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977 жыл, 712 бет.

Мүсірепов Ғ. Ұлпан. – Алматы «Раритет» 2006 жыл, 256 бет.

Журнал «ҚМПИ Жаршысы» публикует статьи об оригинальных и ранее не печатавшихся результатах исследований в области социально-гуманитарных, физико-математических, технических, биологических, химико-технологических, экономических наук, по экологии, международным научным связям и т.п.

Решение о публикации принимается редакционной коллегией журнала после рецензирования. Отклоненные статьи повторно редколлегией не рассматриваются.

Статьи публикуются на казахском, русском, английском языках.

Журнал выходит четыре раза в год (январь, апрель, июль, октябрь).

Подписку на журнал можно оформить в любом почтовом отделении АО «Казпочта». Подписной индекс 74081.

Требования к статьям:

Объем текста статьи должен быть от 15000 до 60000 знаков, включая пробелы и сноски (от 0,3 до 1,5 п.л.).

Технические требования к оформлению текста:

Шрифт: Times New Roman, размер шрифта – 12, положение на странице – по ширине текста.

Поля: по 2 см со всех сторон.

Междустрочный интервал: одинарный.

Интервал между абзацами «Перед» – нет, «После» – «нет».

Отступ «Первой строки» – 1,25.

Текст: одна колонка на странице.

Первая (титовая) страница статьи должна содержать следующую информацию:

1. Код УДК. полужирный, положение по левому краю страницы. Присвоить УДК авторскому материалу можно здесь: <http://teacode.com/online/udc/>.

2. *Заглавие*, прописные буквы, полужирный, положение по центру страницы, после УДК.

3. *Ф.И.О. автора*, полужирный курсив, положение на странице по правому краю через строку после «Заглавия».

4. *Сведения об авторе*: ученая степень, должность, место работы, город, страна. Размещаются под Ф.И.О. автора, курсив, положение на странице по правому краю.

5. *Аннотация к статье*. Слово «Аннотация» (каз. «Аннотация», англ. «Abstract»), полужирный, положение по центру страницы, через строку после «Сведений об авторе» Текст аннотации: 500–800 знаков с пробелами, курсив, положение по ширине текста, отступы слева и справа – по 2 см., отступ «Первой строки» – 1,25.

Аннотация пишется на трех языках в следующем порядке: первый – казахский, второй – русский, третий – английский

Ключевые слова (от 5 до 8). Размещаются под «Аннотацией». Фраза «Ключевые слова» (каз. «Түйінді сөздер», англ. «Key words»): полужирный, положение по левому краю страницы, отступы слева и справа – по 2 см., после фразы ставится двоеточие. Сами ключевые слова указываются после фразы «Ключевые слова» в той же строке, через двоеточие.

Ключевые слова пишутся на трех языках в следующем порядке: первый – казахский, второй – русский, третий – английский

7. *Основной текст*. Делится на следующие разделы:

1. *Введение* (каз – Кіріспе, англ. – Introduction)

2. *Материалы и методы* (каз. – Материалдар мен әдістер, англ. – Materials and Methods)

3. *Результаты* (каз. – Нәтижелер, англ. – Results)

4. *Обсуждение* (каз. – Талқылау, англ. – Discussion)

5. *Выводы* (каз. – Қорытынды, англ. – Conclusions)

6. *Благодарности* (каз. – Ризалық білдіру, англ. – Appreciation)

Разделы 3 и 4 могут объединяться, раздел 6 – по необходимости.

8. Разделы статьи должны быть пронумерованы. Оформление заголовков разделов – шрифт Times New Roman, размер шрифта – 12, полужирный, положение по левому краю страницы.

При выделении в тексте отдельных пунктов или списков следует использовать только арабские цифры.

9. *Список литературы* (каз. – *Әдебиет тізімі*, англ. – *References*). При ссылках на литературу в тексте указываются фамилии авторов и год издания (в круглых скобках); например, Кузнецов (1999), или Smith (2003), или Petrov, Johnson (1997). При цитировании источник указывается в круглых скобках после кавычек, с указанием страниц, например (Норт, 1997, с.17).

Список литературы приводится в конце статьи и озаглавливается «Список литературы» – шрифт Times New Roman, размер шрифта – 12, полужирный, отступ 1,25. Сам список литературы оформляется как общий список без нумерации, размер шрифта – 11, отступ 1,25 см. Сначала указываются казахскоязычные источники, русскоязычные источники, затем иностранные, затем электронные ресурсы. Список строится по алфавиту.

10. Оформление таблиц.

Каждая таблица должна быть пронумерована и иметь заголовок. Номер таблицы и заголовок размещаются над таблицей. Номер оформляется как «Таблица 1» («Кесте 1», «Table 1») шрифт – Times New Roman, курсив, размер – 11. Заголовок размещается на следующей строке, шрифт – Times New Roman, размер – 11, по центру страницы. Положение текста в таблице по левому краю.

11. Оформление графических материалов.

Графические материалы должны быть представлены «Microsoft Graph» или «Excel» без использования сканирования.

Графические объекты должны быть в виде рисунка или сгруппированных объектов.

Графические объекты не должны выходить за пределы полей страницы и превышать одну страницу.

Каждый объект должен быть пронумерован и иметь заголовок. Номер объекта и заголовок размещаются под объектом. Номер оформляется как «Рисунок 1» («Сурет 1», «Picture 1») шрифт – Times New Roman, курсив, размер – 11, положение текста на странице по левому краю. Далее следует название – шрифт – Times New Roman, размер – 11.

12. Оформление формул.

Математические формулы оформляются через редактор формул «Microsoft Equation». Их нумерация проставляется с правой стороны в скобках. При большом числе формул рекомендуется их независимая нумерация по каждому разделу.

13. Редакция не несет обязательств по рецензированию всех поступающих материалов и не вступает в дискуссию с авторами отклоненных материалов.

К статье обязательно прилагаются:

– сведения об авторе: фамилия, имя, отчество (полностью), научное звание, ученая степень, должность, место работы (название вуза, организации, факультет, кафедра), рабочий телефон, факс, домашний адрес и телефон;

– рецензия кандидата или доктора наук, доктора PhD (для авторов без ученой степени)

По всем вопросам приема и публикации статей обращаться по адресу:

Қазақстан Республикасы, 110000,
Қостанай қ., Таран қ., 118
Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институт,
бөл. №114, 05. Тел. (7142) 53-34-71
E-mail: kqpinauka@mail.ru

Республика Казахстан, 110000,
г. Костанай, ул. Тарана, 118
Костанайский государственный
педагогический институт
каб. №114, 05. Тел. (7142) 53-34-71
E-mail: kqpinauka@mail.ru

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

<i>Антаев Ж.Т.</i> «ЕХРО – 2017» халықаралық көрмесінің маңыздылығы.....	3
<i>Бекбосынова А., Міркемел А. І.</i> Есенберлиннің «Алмас Қылыш» романы тіліндегі гендерлік теңеулердің қолданылыс ерекшелігі	8
<i>Бекмаханбет И.С., Елен А.Н., Сейсембай Г.А.</i> XIX ғасыр поэзия өкілдерінің тілдік ерекшелігі	14
<i>Духин Я.К.</i> Кустанай в годы первой мировой войны	19
<i>Кенжебаева Ж.Қ.</i> Тәуелсіздігіміздің тірегі –тіл.....	26
<i>Конвисарова Л.А.</i> История развития казахского и русского ораторского искусства: сопоставительный анализ.....	30
<i>Крутова Н.И., Войтович И.С.</i> Проблемы развития информационно-коммуникационной компетентности учителей математики в теории и практике последипломного образования	38
<i>Михасюк Е.В.</i> Инновационные технологии – средство формирования профессиональной компетентности студентов колледжа экономических специальностей	45
<i>Сейсембай Г.А., Ерманова С.Б.</i> З.Қабдоловтың А.Құнанбаев және М.Әуезов мұраларына қатысты ғылыми ой-тұжырымдары	51
<i>Торина Г.Қ., Матвеева Н.А.</i> Понятие и структура лингвистической одаренности школьников как педагогическая проблема	59
<i>Сейтқасымова Қ.С.</i> Жыраулар поэзиясы – хандық дәуір айнасы.....	63
<i>Шевченко Л.Я., Назарова С.В., Мурзагалиев Р.</i> Социология права в системе социально-гуманитарных и юридических наук	69

ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЭМПИРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

<i>Севостьянова С.С., Тулешова А.Ж.</i> Негативные эмоциональные состояния и их психокоррекция у детей подросткового возраста.....	74
<i>Суюндиқова Ж.Т., Байкенова З.</i> Уровень умственных способностей студентов, различающихся типологическими особенностями проявления свойств нервной системы.....	79
<i>Суюндиқова Ж.Т., Панченко П.</i> Сезонная динамика дыхательной системы студентов	86

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

МЕТОДИКА И ТЕХНОЛОГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН

<i>Жусупова Д.Ж., Кенжегара А.</i> Графический дизайн	94
<i>Sukhov M.V., Kudritskaya M.I., Kappassova A. N., Lifenko V. M.</i> Realization of the test system developing and controlling functions in the visual basic programming environment in philological specialties.....	99
<i>Sukhov M.V., Lifenko V.M., Kudritskaya M.I.,</i> The structure and functionality of the interactive electronic training system, implemented in the delphi 7.0 system environment, to learn English	108

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ

НАУЧНЫЕ РАБОТЫ МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

<i>Абдуалиева Н., Утегенова Б.М.</i> Бірінші курс студенттерінің оқуға бейімделуде педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету жолдары	118
<i>Бекенова А.К. Ғ.</i> Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасындағы фразеологизмдердің стилдік қызметі	123

АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА • ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ.....	128
---	-----

Компьютерлік беттеу: *С. Худякова*

Түзетушілер: *А. Симонова, Н. Нурғалиева*

Компьютерная верстка: *С. Худякова*

Корректоры: *А. Симонова, Н. Нурғалиева*

Басуға 2016 ж. 13.07 берілді.
Пішімі 60x84/8. Көлемі 10,0 б.т.
Тапсырыс № 0366 Тараламы 300 д.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық
институтының баспасында басылған

Подписано в печать 13.07.2016
Формат 60x84/8. Объем 10,0 п.л.
Заказ № 0366 Тираж 300 экз.

Отпечатано в типографии Костанайского
государственного педагогического института